СЕНБІ №22 (4416)
24.02.2024

AIQYN апта

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚАРЖЫЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕРДІ АЛЫП ТАСТАУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимованы қабылдады.

Кездесуде Президентке жоғары конституциялық бақылау органының қызметі туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына былтыр Конституциялық Сотқа бес мыңнан астам өтініш, оның 99 пайызы азаматтардан келіп түскені жөнінде баяндалды. Эльвира Азимованың айтуынша, азаматтар өз өтініштерінде сот актілеріне, лауазымды тұлғалар мен судьялардың іс-әрекеттерінің заңдылығына, қылмыстық жазаның түрлері мен шарттарына, қылмыстық қудалау кезінде адам құқықтарының сақталуына, еңбек және әкімшілік-құқықтық қатынастарда құқықтың қорғалуына қатысты мәселелерді көтерген.

Конституциялық соттары бар мемлекеттердің бәріне тән негізгі ұстаным – азаматтардың Конституциялық Сот төрелігіне жүгінуін шектемеу және қаржылық кедергілерді алып тастау. Осыған орай Мемлекет басшысы былтыр желтоқсан айында Конституциялық Сотқа жүгінген кезде төлейтін мемлекеттік баж салығын нөлдік мөлшерлемеге дейін төмендетуді қарастыратын заңға қол қойды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа конституциялық іс жүргізу аясында азаматтарға кепілді заң көмегін беру шарттары, сондай-ақ құқықтық мониторинг пен заң шығару қызметі шеңберінде Конституциялық Сот қабылдаған шешімдерді және сот практикасының шолуын ескеру туралы ұсыныстар қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінің қарауында жатқаны баяндалды.

Мемлекет басшысына берілген мәліметке сәйкес, былтыр 558 құқық нормасы тексеріліп, нәтижесінде 29 нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер енгізу жөнінде кеңес берілді. Конституциялық Сот Қылмыстық-процессуалдық, Салық кодекстерінің және бірқатар заңның жекелеген нормаларын қайта қарау жөнінде ұсыныстарын берді. Бүгінде Үкімет пен уәкілетті органдар аталған ұсынымдардың 16 пайыздан астамын орындады.

Президент Конституциялық Соттың 2023 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысын бағалай отырып, аталған органның құрылуы және оның қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге, адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандығын қорғауға қатысты қоғам мен мемлекеттің сұранысына сай келетінін айтты.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖАЙСЫЗ БОЛМАСЫН

Биыл елімізде 217 мектеп пайдалануға беріледі. Оның 44%-ы (163 мектеп) ауылдық аймақтарда салынбақ. Жалпы, 2024-2025 жылдары 740 мың оқушыға арналған 369 мектептің құрылысы жүргізілетіні мәлім болды.

5 ▸▸

Тұңғышбай ЖАМАНҚҰЛОВ,
Халық артисі, актер:

ӨНЕРДЕГІ ТАЛҒАМ ӨРЕСІ БӘРІНЕН БИІК БОЛҒАНЫ ЖӨН

Театр өнері – талай жылғы креатив пен қоғамдық ой-сананың жемісі. Өміршең салада шығармашылық ізденіс пен өнерге деген адалдықты ту еткен, көрермен алдындағы шынайылық пен жауапкершілік жүгін арқалаған жандар қызмет етеді. Осынау ізгі қасиеттерді бойына сіңіруге тырысып, саналы ғұмырын өнерге арнаған тұлғалардың бірі – танымал театр және кино актері, Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Тұңғышбай Жаманқұлов.

8–9 ▸▸

САТЫЛЫП КЕТКЕН ЖАЙЫЛЫМ, ТАППАЙ ЖҮР АРТЫ ҚАЙЫРЫН...

Ұланғайыр даласы болғанымен ұлтарақтай жерге зар болған ауылдағы ағайынның ащы мұңы азаяр емес. Тіпті, күн өткен сайын елдің әр аймағында халықтың ащы үні зорайып, ұлғайып келе жатқан сияқты. «Бармақ басты, көз қыстымен» тұтас республика аумағында кезінде кепілге кеткен миллиондаған гектар алқап ауылдағы мыңдаған ағайынды жерсіз қалдырып, алпауыт фирмалардың тастай берік қанды шеңгеліне ілігіп кеткен. Салдарынан егін салмақ түгілі, бар күнкөрісі малына жайылым жер таппай қалған жұрт жылдар бойы сотталып жүр…

7 ▸▸

10 БЕТ

ЖАН ЖЫЛЫТАР ЖАЙ КЕРЕК...

Норвег режиссерлері Джо Вемюнд Свендсен мен Петтер Соммердің «Өзіміздің жігіттер» (For vi er gutta) аталатын деректі туындысы бар.

12 БЕТ

ОТАНДЫҚ ФЕДЕРАЦИЯЛАР БЮДЖЕТ АҚШАСЫНА АРҚА СҮЙЕМЕСІН

Шорт-тректен Қазақстан командасын ұзақ жылдар бойы жаттықтырған Мәдіғали Қарсыбеков бүгінде зейнет демалысында.

МҰСЫЛМАН АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІ – РУХАНИ ДИПЛОМАТИЯ ӘЛЕУЕТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсаламмен кездесті. Сұхбат барысында тараптар жаһандық дінаралық және өркениетаралық диалогті одан әрі ілгерілету бағытындағы өзара іс-қимылдың келешегін талқылады.

Сенат Спикері Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысына ілтипат білдіріп, Ұйым жұмыс істеп келе жатқан 10 жылдың ішінде халықаралық аренада бейбітшілік, бірлік және діни толеранттылық идеяларын дәріптеуге үлкен үлес қосқанын атап өтті.

Кездесу кезінде Кеңестің мақсаттары Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қағидаларымен үндесетіні айтылды. Мәулен Әшімбаев Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Орталық Азиядағы өкілдігінің Астанада ашылуы соның жарқын көрінісі саналатынын тілге тиек етіп, бұл оқиға Қазақстан үшін ерекше маңызға ие екеніне назар аударды.

Сонымен қатар Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының төрағасы Мәулен Әшімбаев съезді дамыту Тұжырымдамасына сәйкес алдағы уақытта Хатшылық тарапынан атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Ол Мұсылман ақсақалдар кеңесімен байланысты одан әрі нығайтуға, сондай-ақ даужанжалдарды бейбіт жолмен шешу және өзекті сын-қатерлерді еңсеру үшін рухани дипломатияның әлеуетін дамытуға мүдделі екенін жеткізді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін құру үшін бейбітшілікке шақыратын тың жаһандық қозғалыс қажет екенін үнемі айтып келеді. Қазір Мұсылман ақсақалдар кеңесі барлық діндердің диалогін нығайту жолындағы жұмысты белсенді жүргізіп отыр. Біз кеңес пен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің жаһандық өзекті мәселелерді шешу ісінде дін лидерлерінің әлеуетін пайдалану жөніндегі ынтымақтастығын құптаймыз. Бірлескен күш-жігердің арқасында конфессияаралық және өркениетаралық диалогты нығайтуға ықпал етеміз деп сенеміз», – деді Сенат Төрағасы.

Өз кезегінде Мұхаммед Әбделсалам Қазақстанның төзімділік пен келісім сияқты құндылықтарды дәріптеу бағытында атқарып келе жатқан жұмысын жоғары бағалады. Сондай-ақ ол Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі аясында кеңеспен белсенді іс-қимыл қалыптасқаны үшін ризашылығын білдіріп, өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді.

ЭНЕРГИЯ КӨЗІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК – ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯ НАЗАРЫНДА

Кеше Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның төртінші отырысы өтті. Іс-шарада қатысушылар заманауи энергия көздерінің жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев қолжетімді, тұрақты және заманауи энергия көздерін дамыту қазір еліміз үшін өзекті мәселе екенін айтты. Қазақстанда электр желілерінің тозуы жағдайды одан әрі ушықтырып отыр. Осыған байланысты баламалы энергия көздеріне баса мән берудің және «жасыл экономикаға» көшудің жүйелі тәсілдерін қалыптастырудың маңызы арта түсуде.

«Халықтың электр энергиясымен қамтылғанына қарамастан, бүгінде электр желілерінің тозуы үлкен проблема екені жасырын емес. Электр энергиясын өндіруге, генерацияға ауқымды инвестиция қажет. Елімізде газдандыру ісі әлі де болса маңызды міндет болып қалып отыр. Жаңартылатын энергия көздерінің үлесі де өте төмен екенін айта кеткен жөн. Мемлекет басшысы атап өткендей, «жасыл экономиканы» дамыту – еліміздің қазіргі күн тәртібіндегі негізгі басымдық болуы қажет. «Жасыл экономикаға» көшу халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және қоршаған ортаға жүктемені азайтып, табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы мақсатқа қол жеткізуге ықпал ету – депутаттық корпустың негізгі міндеттерінің бірі», – деген Мәулен Әшімбаев әріптестерін осындай ортақ мақсаттарға жету жолында күш жұмылдыруға шақырды.

Парламенттік комиссияның отырысына Сенат және Мәжіліс депутаттарымен бірге Энергетика, Экология және табиғи ресурстар министрлері, Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының Тұрақты өкілі, өңір әкімдіктерінің өкілдері, Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелері, сондай-ақ қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында қатысушылар бірлескен жұмысты әрі қарай жандандыруға қатысты тың бастамаларға тоқталып, ұсыныстарын айтты. Олардың іске асырылуы алдағы кездесулерде талданып, сарапталады.

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Чжан Сяомен кездесті.

Талқылауға депутаттар әзірлеген ғылым мәселелері бойынша заң жобасын қарау ұсынылады. Құжатта жергілікті атқарушы органдардың ғылым саласындағы өкілеттіктерін кеңейту, әлеуметтік кепілдіктерді ұлғайту және педагогтер мен ғылыми қызметкерлер үшін қосымша төлемдер беру көзделеді.

Екінші оқылымда мәжілісмендер байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласының инвестициялық ахуалын арттыру мәселелері туралы заң жобасын қарайды. Депутаттар бастамашы болған бұл заң жобасы телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, қалалар мен елді мекендердегі байланыстың қолжетімділігін қамтамасыз етуге және сапасын жақсартуға бағытталған.

Алдағы жалпы отырыста Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімдерге, зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша, сондай-ақ Өзбекстанмен одақтастық қатынастар туралы шарттарға қатысты ратификациялық заң жобаларын талқылау ұсынылады.

Сонымен қатар Мәжіліс комитеттері көлік құралдарының жекелеген түрлерінің қозғалысын ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру, сондай-ақ туристік саланы қолдау мәселелері бойынша жаңа заң жобаларын жұмысқа алатын болады.

ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Талқылауға депутаттар әзірлеген ғылым мәселелері бойынша заң жобасын қарау ұсынылады. Құжатта жергілікті атқарушы органдардың ғылым саласындағы өкілеттіктерін кеңейту, әлеуметтік кепілдіктерді ұлғайту және педагогтер мен ғылыми қызметкерлер үшін қосымша төлемдер беру көзделеді.

Екінші оқылымда мәжілісмендер байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласының инвестициялық ахуалын арттыру мәселелері туралы заң жобасын қарайды. Депутаттар бастамашы болған бұл заң жобасы телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, қалалар мен елді мекендердегі байланыстың қолжетімділігін қамтамасыз етуге және сапасын жақсартуға бағытталған.

Алдағы жалпы отырыста Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімдерге, зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері бойынша, сондай-ақ Өзбекстанмен одақтастық қатынастар туралы шарттарға қатысты ратификациялық заң жобаларын талқылау ұсынылады.

Сонымен қатар Мәжіліс комитеттері көлік құралдарының жекелеген түрлерінің қозғалысын ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру, сондай-ақ туристік саланы қолдау мәселелері бойынша жаңа заң жобаларын жұмысқа алатын болады.

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» – ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАДА



Биыл халықтың қаржылық сауатын арттыруды көздейтін «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 750 мың отандасымыз оқыту курсынан өтеді. Күндізгі форматтағы оқыту семинарларынан бөлек, енді кез келген адам qogamfin.kz онлайн платформасын пайдалана алады. Жаңа портал бүгін «AMANAT» партиясының баспасөз орталығы алаңында таныстырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың қаржылық сауатын арттырудың маңызын атап өтіп, «AMANAT» партиясына Үкіметпен бірлесіп «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейтуді тапсырды. Биыл жобаны Halyk Bank (*жобаның 2023 жылдан бергі серіктесі), Jusan Bank, Bank RBK, Nurbank, Еуразиялық банк, Altyn bank, Банк ЦентрКредит, Freedom bank және Bereke bank қолдады.

Qogamfin.kz платформасын әзірлеуші Әлішер Өмірбаевтың айтуынша, былтыр 65 мың адам оқыту курсынан өтсе, биыл жоба сарапшылары 200 мың адамның қаржылық сауатын арттыруды көздейді. Жобаға қатысушылар санын тиімді басқарып отыру үшін онлайн платформа әзірленді.

«Жаңа платформада 24/7 режимінде қолжетімді қаржылық сауатты арттыру курсынан бастап, түрлі санаттағы қатысушыларға арналған мамандандырылған бағдарламаларға дейінгі білім беру ресурсының ауқымды спектрі бар. Сонымен қатар күндізгі форматта білім алғысы келетін азаматтар сайтқа кіріп, курсқа жазыла алады. Ал семинарға қатыса алмайтын адамдар үшін сайтта бейнесабақтар мен әдістемелік материалдар орналастырылады. Жоба мақсаты – азаматтардың қарыздан құтылуына көмектесу ғана емес, сондай-ақ жаңа қаржылық мәдениетті қалыптастыру», – деді ол.

Бас-аяғы 1,7-2 млн отандасымыздың мойнында 90 күннен астам уақыт төленбей келген несие берешегі бар. Бұл шамамен халықтың 10%-ын және экономикалық белсенді азаматтардың азды-көпті 20%-ын құрайды. «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында оқудан өткен отандастарымыздың 75%-ы – әйелдер. Солай бола тұра, жобаға қатысушылардың 58%-ы – төрт және одан да көп бала тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасылар. Оқыту курсынан өткендердің 10%-ы – зейнеткерлер. Ал қарыз өтеу мерзімі 90 күннен асатын азаматтардың үлесі – 18%. Әрбір екінші қатысушының отбасындағы ортақ табысы 100 мың теңгеге де жетпейді. Сонымен қатар курстан өткен азаматтардың үштен бірінде екі немесе одан да көп несие бар.

Өз кезегінде, жоба жетекшісі Ақмарал Бекмұрзаева биыл инвестиция құю негіздері бойынша оқыту курсына арнайы блок қосылғанын айтты.

«Біз әр қатысушыға ұсынылатын жұмыс дәптерін әзірледік. Онда қаржылық сауатты арттырудың барлық курсы қамтылған. Біз есепке баса назар аударамыз. Көп формуламыз бар. Тәжірибе көрсеткендей, азаматтар қаржылық сауатты есеп арқылы түсінеді. Яғни, адам өз қарызына қатысты артық төлемді есептеп алмайынша, несие ауыртпалығын толық түсінбейді. Жоба қатысушыларына жыл бойы көмек көрсетеміз. Қаржы сарапшыларымен қоса, оларға заңгерлер де қол ұшын созады. Бізде жұмыс істеп тұрған кейстер бар. Мәселен, азаматтардың шоты бұғаттан босатылып, қарыз өтеудің жаңа кестелері әзірленді. Яғни, несие бойынша борыштың құрылымы қайта қаралуда», – деді ол.

Мектеп, колледж және білім ордасындағы шәкірттерге арналған оқу құралдары әзірленеді. Бұл қадам шамамен 100 мың студент пен 450 мың оқушыны қолда бар қаражатқа барынша жауапты қарауды үйретуге мүмкіндік береді. Дәл осы мақсатта Ғылым және жоғары білім министрлігі арнайы оқыту курсын әзірлеп, оны биыл айналымға енгізу жоспарлануда. Ал мектеп қабырғасында «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасының мамандары тәуелсіз сарапшылар мен мұғалімдерді тарта отырып, қолданыстағы «Жаһандық құзыреттілік» пәніне аудит жүргізді. Бүгінде Оқу-ағарту министрлігі өкілдерінен «Қарызсыз қоғам» жобасының педагогтері мен сарапшыларынан құралған жұмыс тобы оқушылардың қаржылық сауатын арттыруға арналған жаңа курс бойынша жұмыс істеуде.

«Қарызсыз қоғам» жобасының бас менеджері Фариза Асылбек оқыту курсы барысында тренерлер отбасылық бюджетті дұрыс құруды, автокөлік сатып алу немесе үйлену тойын өткізу сынды ірі шығындарды алдын ала жоспарлауды үйретететінін атап өтті.

Түркістан облысы Сайрам ауданы Теспе кентінің тұрғыны, жоба қатысушысы, төрт баланың анасы Айнұр Есенова «Қарызсыз қоғам» туралы пікір білдірді.

«Былтыр жазда оқыту курсына қатысып, кейін сүт өңдеу бойынша шағын кәсібімді бастадым. Көршілерімнен сүт сатып алып, одан май мен құрт жасадым. Алғашқы тапсырыстар түсе бастады. Бүгінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеңілдікпен берілетін несие алып, оған 8 сиыр сатып алдым. Біртіндеп кәсібімді дамыта бермекпін», – деді ол.

Еске сала кетейік, бұған дейін «AMANAT» партиясы «Ауыл аманаты» жобасының қолданыс аясын кеңейтіп, борышкерлерді оңалтудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдауды ұсынған болатын. Осылайша, «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында оқуын аяқтаған адам «Ауыл аманаты» жобасы бойынша жеңілдетілген несие алып, өз кәсібін аша алады. Атап айтқанда, партиялықтар өндірістік жабдықтарды алуға мүмкіндік беретін лизинг бағдарламасын ашуды, сондай-ақ жоба менторларының бақылауымен қайтарымды грант құралын пайдалануды ұсынды. Бұл қадам елдің экономикалық айналымына 1 миллионнан астам адамды тартуға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасы былтыр 2 мамырда Halyk Bank-тің қолдауымен қанатқақты режимде бастау алды. Сарапшылардың дәрісінен бөлек, жобаға қатысушылар enbek.kz порталына тіркелу және ЖК ашудан бастап, соттан тыс банкроттықты сүйемелдеу және берешекті өтеу кестесін әзірлеуге дейінгі түрлі сұрақ бойынша кеңес алады. Сондай-ақ оқыту барысында қатысушыларға заңгер көмегіне кепілдік беріледі. Олар әр қарыз алушының несие тарихын жеке зерттеп, қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша кеңес береді.

Курсқа жазылу үшін https://qogamfin.kz сайтындағы нысанды толтыру қажет. Жобаға қатысушылар күндізгі форматта сауатын арттырып, бір топта 50 адамға дейін оқытылады. Дәрістің ұзақтығы – 5 жұмыс күні.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалында ашық есік күні өтті. Жиынға облыс әкімі, әкім орынбасарлары, барлық деңгейдегі депутаттар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты. Іс-шара барысында жиналғандар филиалдың жұмысымен, оның ағымдағы қызметімен, Жол картасын іске асыру аясымен, сондай-ақ партиялық жобалармен таныстыры.

– «AMANAT» партиясы Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттарға сайлауда сенімді жеңіске жетіп, өзін еліміздегі ең мықты саяси партия екенін растады. Біз партиялық тізімдер бойынша да, бірмандатты округтер бойынша да жоғары қолдауға ие бола отырып, аралас сайлау жағдайында халықтың сенім мандатын алдық.

Ауыл әкімдерінің сайлауында да біздің партиядан түскен кандидаттар жеңіске жетті. Қарағанды облысының 165 ауылдық округінің 163 әкімі «AMANAT» партиясының мүшелері.

Бұл партияның қазақстандықтардың көз алдында нақты істермен жинақталған беделінің, партияның сәтті транфсормациялануының және оның барлық құрылымдық бөлімшесі мен әрбір партия мүшесінің үйлесімді жұмысының заңды нәтижесі, – деді «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы төрағасы Бекзат Алтынбеков.

Мәслихат – жергілікті өкілді орган. Аймақтағы тұрғындардың әл-ауқаты мен еліміздің жалпы дамуы мәслихаттар мен әрбір депутаттың сапалы жұмыс істеуіне тікелей байланысты.

– «AMANAT» фракциясының депутаты – көшбасшы, мемлекетшіл, патриот адам. Шешім қабылдайтын және өз сайлаушыларының алдында «уәдесіне тұруға» дайын партияның өкілі.

– Партияның толық ауқымды трансформациясы 2022 жылғы 1 наурыздан Жаңғырту бағдарламасы жарияланған кезектен облыстық басқармаларға жіберіліп, бүгінде 12 басқармадан жауап алынды. Алайда облыстық Денсаулық сақтау басқармасы, Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасынан жауап келмеген.

«AMANAT» партиясының мәслихат депутаттарының басты мақсаты – партияның республикалық, аймақтық сайлауалды бағдарламаларында белгіленген міндеттер мен уәделерді және бірмандатты округтер бойынша депутаттың сайлауалды уәделерін орындау. Партия жанындағы қоғамдық қабылдау бөлмелерінде және сайлауалды үгіт-насихат кезеңінде сайлаушылардан 4 мыңнан аса аманат жиналған.

Алайда облыс бойынша 138 фракция мүшелерінің 12 депутаты бірінші жартыжылдықта бірде-бір қабылдау өткізбегені анықталған.

Жиын барысында барлық мәслихаттағы партияның фракция мүшелері кем дегенде тоқсанына 1 рет қоғамдық қабылдау өткізуін қамтамасыз ету қажет екені де айтылды.

Сайлауалды бағдарламаны іске асыру жөніндегі облыстық Жол картасы аясында 2023 жылы 126 іс-шара жоспарланған болса, оның 110 тармағы орындалды, 3-і орындалуда, 13 тармақ орындалмаған.

«Жер аманаты» жобасы аясында жерді мемлекетке қайтару жоспары 580 мың гектар болса, оның 542,9 гектары қайтарылған.

тыс XXII съезде басталды. «AMANAT» өз трансформациясы аясында: жаңа саяси тұғырнама қабылдады; аймақтық филиалдардың дербестігін нығайтты; партияның фракциясы қызметінің ашықтығын арттырды; жастар қанатын трансформациялады; әйелдер қанаты құрылды; партия жанындағы кеңестердің жұмысын оңтайландырды; мобильді қоғамдық қабылдауларды ұйымдастырды; халық арасында сұранысқа ие жаңа партиялық жобаларды іске қосты (Жер аманаты, Ауыл аманаты, Қарызсыз қоғам, Құқықтық көмек, Жастарға жұмыс және т.б.); диалог алаңдарын ұйымдастырды (Талқылау, Бір толқында).

Осы орайда былтыр қыркүйек айында Қарағанды облысының барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының алғашқы форумын өткіздік. Форум жұмысына облыс басшылығы, партия хатшысы, Парламент Мәжілісінің депутаттары қатысты, – деп атап өтті Бекзат Алтынбеков.

Сол уақыттан бастап облысқа қарасты әр аудан, қаласынан мәслихат депутаттарына 72 сауал түскен. Сұрақтар

Жиында партия жүзеге асырып отырған барлық іс-шара, партиялық жобалар мен Жол картасының орындалуы, мәслихат депутаттарының жұмысы туралы БАҚ пен әлеуметтік желілерде кең көлемде жарияланып жатқаны да сөз болды.

Өткен жылдың өзінде облыстық баспасөз қызметі республикалық және өңірлік медиа жоспар аясында 30 мыңнан аса материал жариялаған.

Алайда кейбір депутаттар әлеуметтік желіде мүлдем жарияланым жасамайды. Депутаттың жұмысы, партияға қатысы бар екенін туралы парақшаларында мәлімет жоқ. Осы олқылықты жою туралы талап қойылды.

Жиын соңында сәуір айында «AMANAT» партиясынан сайланған ауыл әкімдерінің бірінші форумы, «Жастар Рухы» жастар қанатының слеті, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының оқуы жоспарланып отырғаны айтылды.

Ә.БЕЛГІБАЙҰЛЫ

ҚАТАРМЕН БАЙЛАНЫСТАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Соңғы бір жылда Қазақстан мен Қатар арасындағы сауда байланысы 50 пайызға артып, 10 млн АҚШ долларына жуықтады. Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 6,6 млн долларға жоғары. Оның ішінде Қатарға экспортталған тауар көлемі былтыр 5,6 млн долларға жеткен. Ал импорт 4 есеге, яғни 4,3 млн долларға ұлғайды. Мемлекет басшысы жақында Қатарға кезекті сапармен барған болатын. Сарапшылар соңғы кезде Президент Парсы шығанағы елдері бойынша жұмысты жандандырып, елімізге инвестиция тарту ұлғайғанын айтады.

Араб елдерінің инвестициялық әлеуеті үнемі өсіп келе жатқаны белгілі. Бұл жолғы сапар барысында ЖЭК және газ өнеркәсібін дамыту жөнінде келісімдерге қол қойылды. Экономист Сапарбай Жобаевтың айтуынша, Қазақстан үшін бұл елдің инвестициялық әлеуеті маңызды болса, Қатар елі бізге азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігі деп қарайды.

– Кез келген мемлекеттер арасында саяси-мәдени, экономикалық байланыстың артқаны құптарлық іс, әрине. Бұл ретте, Қатар – бай мемлекеттердің бірі, сондықтан ол тиімді инвестиция жасау мақсатында көптеген елмен тығыз қарым-қатынас орнатады. Біз үшін де бұл елдің инвестициялық әлеуеті маңызды. Мәселен, Америка Құрама Штаттары санкция салғаннан кейін елімізде жұмыс істеп тұрған сол кездегі «Сбербанк» Қатар инвесторларының араласуының арқасында «Береке банк» ретінде жұмысын жалғастырды. Мемлекет басшысының өзі де қаржы секторындағы бәсекелестікті арттыру мақсатында халықаралық банктерді отандық нарыққа әкелуді тапсырған еді, – дейді сарапшы.

Экономист Расул Рысмамбетов те бұл пікірді қолдайды. Дегенмен сарапшы инвестициядан бөлек, Шығыс Араб елдерінен мықты стратегиялық серіктестер қажет деген көзқараста.

– Қатар мемлекеті Қазақстанға энергетикаға, инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салғаны қажет. Бұл – экономикамызды әртараптандыруға жақсы мүмкіндік. Бірақ қаражаттан бөлек қандай тиімді тұстары бар дегенге келсек, Қатарда бізді қызықтыратын көп компания жұмыс істейді. Себебі қазір ол шетелдік компаниялар үшін Шығыс Араб елдеріне жол ашатын хаб рөлін иемденіп тұр, – дейді Р.Рысмамбетов.

Эксперттер Қатар үшін де Қазақстанмен байланыс орнатқан тиімді деген көзқараста. Сапарбай Жобаевтың айтуынша, Қатардың жер аумағы кішкентай әрі құмды, сол себепті мұсылман елдерінен азық-түлік алуға ынталы. Қазақстаннан ұн, бидай, ет, өсімдік майы сияқты өнімдерді бізден импорттауға қызығады. Бізде де олардың талабына сай азық-түлік өнімдерін әзірлеп беруге барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Экономистің сөзінше, энергетика саласында екі ел тығыз байланыс орната алады. Өйткені Қатар дүниежүзі бойынша ең көп газ өндіретін елдердің қатарында.

– Ол Түркия, Еуропаның шығысын газбен қамтамасыз етіп отырған мемлекет. Қазақстан да Түркия одан әрі Еуропа елдеріне мұнай экспорттап отыр. Баку-Тбилиси-Жейхан деген тұрба құбырымыз бар. Осы жағынан алғанда біздің логистикамыз ұқсас келеді және алдағы уақытта Қатардың инвестициялық жобаларында бірге жұмыс істеуіміз мүмкін. Мәдени қарымқатынасы жағынан университеттер филиалдарын ашып, туризмдік байланыстар артады деген ойдамын.

Сарапшы соңғы кездері жиі сөз болған транспорттық-көлік қатынасы туралы да пікірімен бөлісті.

– Бұл туралы айтарым, Қатар еліміздің осы саласына инвестиция салмаса, біз Қатарға қарай жол тарта алмаймыз. Ең қызығы Еуропа мен Қытай арасын қосатын жол Қазақстан-Түркмения-Әзербайжан-Грузия-Румыния арқылы немесе Түркия арқылы шығады. Бұл маршрутта Қатар шетте қалады. Бізде 90-жылдардан бері парсы шығанағына шығу деген мақсат болатын. Осы мақсатта Түркмения арқылы Иранға дейін теміржол қосылған еді. Бірақ дамыған елдер Иранның атомдық байыту саясатына қарсы шығып, санкция жариялады да, Иран арқылы өту қиындады. Қазір Қатардың Суэц каналына шығуы да қиындап қалды. Сондықтан дәл қазір транспорт саласы бойына Қатар мен Қазақстан мүддесі бір жерде түйіседі деп ойламаймын, – деді ол.

Дегенмен экономист Расул Рысмамбетов тасымал саласында Қазақстан үшін маршрут картасын кеңейтетін уақыт жеткенін алға тартты.

– Қазір елімізде отандық тауарларды экспорттауда біршама проблема бар. Мәселен, бұрын көп жағдайда тауарларымыз Ресей арқылы өзге нарықтарға жеткізілсе, бүгінде көршілес елдің теміржолы әскери мақсатта қолданылуда. Осыған сәйкес оңтүстікке бағыт бұратын кез келді. Себебі 80 пайыз тауарымызды тек Ресей немес Қытай арқылы ғана экспорттай алмаймыз. Бізге әрбір көршіміз арқылы сыртқы нарыққа отандық тауарымыздың 10-15 пайызын шығара алатындай мүмкіндік жасау қажет. Бұл тасымал саласындағы тәуекелдерді азайтады. Себебі маршуттар қаншалықты көп болса, соншалықты жақсы. Осы тұрғыдан алсақ, Қатармен байланысымызды арттыру тиімді, – дейді ол.

Мемлекет басшысы Қатарға сапары барысында Қазақстан Орталық Азияның жаңа бейнесін қалыптастырып жатқанын атап өткен болатын. Сондықтан Қатарды осы мәселеде белсенді серіктес болуға шақырған еді. Осы себепті сарапшылар алдағы уақытта екі ел арасындағы экономикалық байланыстар нығаяды деген сенімде. Сондықтан болашақта Қатар Қазақстандағы ең ірі 10 инвестордың бірі болуы ықтимал.

Кәмила ЕРКІН

ИНФЛЯЦИЯ ЫРЫҚТАН ШЫҚПАСЫН ДЕСЕК...

Инфляцияға қысым жасайтын жекелеген факторлар сақталып отыр. Ұлттық банкте өткен брифингте Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов осылай деп мәлімдеді.

«Сыртқы секторда жаһандық инфляцияның баяулау үрдісі байқалуда. Бұл азық-түлік бағасының оң динамикасына, орталық банктердің тежеуші ақша-кредит саясатына және энергия бағасының төмендеуіне байланысты. Дегенмен инфляцияға қысым жасайтын жекелеген факторлар да сақталуда. Қант бағасының қалыпты өсуімен қатар дәнді дақылдар мен ет құнының арзандауына байланысты әлемдегі азық-түлік бағасы төмендеп келеді. Астық бағасының төмендеуі мол өнім алу нәтижесінде ұсыныстың артуына байланысты болды. Сонымен қатар дамыған елдерде Орталық банктер мөлшерлемелерді өзгеріссіз қалдырды. Бұл инфляцияның орнықты баяулауына қарай қауіптің болуына байланысты», – деді Тимур Сүлейменов.

Оның атап өтуінше, 2023 жылдың қорытындысы бойынша Еуроодақтағы бағаның жылдық өсуі қараша айындағы ең төменгі деңгейге жеткен соң 3,4 пайызға дейін біршама жеделдеді. Таргетті 2 пайызға жеткізу Еуропа Орталық банкінен ұзақ уақыт бойы жоғары пайыздық мөлшерлемелерді сақтауды қажет етеді. Осыған ұқсас жағдай АҚШ-та да байқалды. Онда инфляция әлі де орнықты. Федералды Резервтік жүйе ритрикасына сәйкес, саясатты жұмсарту шарасы биыл басталуы мүмкін. Қытайда жылдық мәнде дефляция жалғасуда. Алайда қаңтарда айлық инфляция көрсеткішінде өсім тіркелді. Ресейде жылдық инфляция 2024 жылғы қаңтар айында 7,4 пайызды құрады. Негізгі фактор бұрынғысынша жоғары инфляциялық күтулер мен ішкі сұраныстың өсуі болып отыр. 2024 жылы инфляцияны орнына қайтару және оны Ресей Орталық банкі таргетінің маңайында одан әрі тұрақтандыру қатаң ақша-кредит шарттарын ұзақ кезең бойы ұстауды талап етеді.

«Біздің болжамымыз бойынша әлемдік азық-түлік нарығында бағалар 2024 жылдың ортасына дейін біршама көтеріліп, кейін тұрақтанады және біртіндеп төмендейді. Алғышарттар, бір жағынан, тасымалданатын тауарлардың құнына әсер ететін Қызыл теңіз бен Қара теңіздегі ықтимал логистикалық мәселелердің тәуекелдерін білдіреді. Ал басқа жағынан, 2024 жылғы маусымның соңында халықаралық ұйымдардың егін жинау болжамдары мен әлемдегі астық қорларының өсуі бойынша күтулерін көрсетеді. Биыл халықаралық ұйымдар мұнай бағасы 80 долларға жақын деңгейде тұрақтайды деп күтеді. Бағаның өсуіне ықпал ететін негізгі факторлар: ОПЕК-тің мұнай өндірісін қысқарту мерзімін ұзартуы, АҚШ-та мұнай өндіру ісінің тұрақты өсімі және Таяу Шығыстағы соғыс бойынша белгісіздік. Осыны ескере отырып, базалық сценарийде Brent мұнайының бағасы 2024-2025 жылы 80 доллар, 2026 жылы 77 доллар деңгейінде белгіленді», – деді ол.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – АЙРЫҚША НЫСАН

«AMANAT» партиясының өңірлік сайлауалды бағдарламасы аясында Түркістан облысы Сауран ауданы Оранғай елді мекенінде психоневрологиялық аурулары бар балаларға арналған 50 орындық медициналық-әлеуметтік нысан бой көтеруде.

Былтыр құрылыс жұмысы басталған нысанға 3 млрд 309 млн теңге қаражат бөлінді. Нысан заманауи медициналық және арнайы құрал-жабдықтармен қамтылып, биыл күзде пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Мердігер компания құрылыс жұмысының 70%-ын аяқтады. Бүгінде сыртқы әрлеу және құрылыс-монтаж жұмысы жүргізіліп жатыр.

«Бұл нысан ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналардың сұраныс-тілегі негізінде салынып жатыр. Азаматтар осындай оңалту орталығы қажет екенін айтып, бір емес, бірнеше рет өтініш білдірді. Сол өтініштерді негізге ала отырып, депутаттық сауал жолдадым. Атқарушы билік өкілдерімен жүздесіп, халықтың тілегін жеткіздім. Азаматтардың ұсынысы ескерусіз қалған жоқ. Жаңа нысан бой көтеріп келеді», – деді облыстық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қалыйма Жантөреева.

Айта кетейік, аталған өңірде ерекше қажеттілігі бар 97 280 адам тұрады. Оның 14 500-і – кәмелеттік жасқа толмаған балалар.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» жайсыз болмасын

Биыл елімізде 217 мектеп пайдалануға беріледі. Оның 44%-ы (163 мектеп) ауылдық аймақтарда салынбақ. Жалпы, 2024-2025 жылдары 740 мың оқушыға арналған 369 мектептің құрылысы жүргізілетіні мәлім болды.

Үкіметтің сейсенбідегі отырысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Премьер-Министр Олжас Бектеновтің айтуынша, салынып жатқан мектептердің саны әр өңірдің қажеттілігін әрі демографиялық ахуалын ескере отырып анықталған. «Мемлекет басшысының бастамасы негізінде қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының арқасында үш ауысыммен оқытатын және апатты мектептер проблемалары шешілуі тиіс», – деді Бектенов.

Бір жылда 217 мектепті іске қосу оңай шаруа емес. Мәселен, былтыр қаңтар-желтоқсан аралығында ел аумағында 93 жалпы білім беретін мектеп пайдалануға беріліпті, 2022 жылғы көрсеткіш – 85 мектеп. Оның үстіне, Олжас Бектенов 217 мектептің 98-нің құрылысын 1 қыркүйекке дейін аяқтауды тапсырып отыр. Қалған 119 мектепті жыл соңына дейін пайдалануға беру қажет. «Мерзімдердің бұзылуына ешқандай жол беруге болмайды. Бұл ретте жұмыстардың сапасы ақсамауы тиіс», – деп атап көрсетті ол.

Құрылысы бірыңғай стандарт бойынша жүзеге асырылатын оқу нысандары заманауи құралдармен жабдықталады. Бастауыш және жоғары сыныптар үшін оқу кабинеттері, санитариялық тораптары және спорт залдары бар жеке блоктар қарастырылған. Оған қоса, жоғары деңгейдегі қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етілмек.

Сондай-ақ отырыста «Жайлы мектеп» жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен 2,3 трлн теңге бөлінетіні айтылды. Мектеп салу және оларды уақытылы қолданысқа беру Samruk-Kazyna Construction компаниясын жер учаскелерімен және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету өңір әкімдеріне жүктелген. Былтыр Samruk-Kazyna Construction компаниясына тиісті көлемде қаржы аударылып, осы қаражат негізінде компания 208 мектепті жобалауды және салуды бастаған, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері биыл 9 мектепті жеке құрылыс салушылардан сатып алмақшы.

Десе де, бұл әзірге қағаздағы құжат, ойдағы жоспардың сұлбасы ғана секілді. Қазақстан Құрылысшылар одағы республикалық заңды тұлғалар бірлестігі (РЗТБ) AIQYN-ға жолдаған жауабында жобалық-сметалық құжаттаманың (ЖСҚ) бекітілу мерзімі созылған сайын құрылысты бөгейтінін айтады. «Яғни, мәселе жергілікті атқарушы органда емес, ЖСҚ-ның жоқтығында. Үкіметтің №963 қаулысы осыдан 15 ай бұрын (30.11.2022) бекітілгенімен іс жүзінде 10 сараптаманың ғана оң қорытындысы алынды», – делінген РЗТБ жауабында.

Ұлттық жобаны жүзеге асыруда шикілік барын Үкімет отырысында Премьер-Министр де жоққа шығармады. Әсіресе, құрылыс нысанына қажетті учаскелерді бөлу және ЖСҚ әзірлеуде кедергі көп екенін айтқан ол барлық проблеманы қысқа мерзім ішінде жоюды тапсырды.

«Мектептерге баратын жолдар мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысын 1 тамызға дейін аяқтау қажет», – деді О.Бектенов.

Ал өңір әкімдеріне 15 наурызға дейін жер учаскелерін рәсімдеуге қатысты барлық проблеманы шешу жүктелді.

Құрылысшылар одағы ЖСҚ-ның уақытылы әзірленбей және тиісінше сараптама қорытындысы алынбауына қолдан жасалған бюрократтық шешімдер себеп. «Былтыр жаз бойы маңызды мәселелерді шешудің орнына М.Айманбетов бастаған Samruk-Kazyna Construction компаниясының басқарушы менеджменті жер учаскесінің конфигурациясын тексерді және егер учаске геометриялық пішіні дұрыс болмаса, қосымша учаскені кесуді талап етті, өз жұмыстарын әлеуметтік желілерде жариялаумен айналысып кетті, бұл жобалау процесін де кешіктірді. Жергілікті атқарушы органның тиісті қосымша шешімдерін шығару қажеттілігіне байланысты мұны кез келген облыстың әкімі растайды», – делінген одақтың жауабында.

Осылайша, былтыр бекітілген ЖСҚ-сыз және тиісінше сараптаманың оң қорытындысы мен жұмыс жүргізуді бастауға талонсыз құрылыс жүргізілген. Яғни, жобасыз және сараптама қорытындысынсыз құрылыс жүргізу қате шешім болғандықтан, мемлекет қаражаты артық шығындалған.

«Қарапайым құрылыс нысанының анықтамалығы – баннерлердің дизайнын, сөзін бекіту, ілу жұмыстарына келісімге байланысты мұны кез келген облыстың әкімі растайды», – делінген одақтың жауабында.

Осылайша, былтыр бекітілген ЖСҚ-сыз және тиісінше сараптаманың оң қорытындысы мен жұмыс жүргізуді бастауға талонсыз құрылыс жүргізілген. Яғни, жобасыз және сараптама қорытындысынсыз құрылыс жүргізу қате шешім болғандықтан, мемлекет қаражаты артық шығындалған.

«Қарапайым құрылыс нысанының анықтамалығы – баннерлердің дизайнын, сөзін бекіту, ілу жұмыстарына келісімнің өзі айлар бойы жүреді. Кез келген мердігер компанияның жұмысы осындай болмайтын кедергілерден бөгеледі. Сондай-ақ Samruk-Kazyna Construction компаниясында басшылық жиі ауысады. Мысалы, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру жөніндегі құрылыс департаменті директорының өзі төрт рет ауысты. Құрылыс саласында тәжірибесі жоқ менеджерлердің шешімдерінің де жұмысқа кедергісі көп», – дейді Құрылысшылар одағы.

Үкімет отырысында «Жайлы мектеп» жобасымен салынатын мектептердің ішкі жабдығын қамтамасыз етуде отандық өндірісті тарту мәселесі айтылды.

Оқу-ағарту министр Ғани Бейсембаев «Атамекен» ҰКП мен салалық қауымдастық өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып, отандық өндірушілерді қолдау бойынша қосымша шаралар қабылданғанын жеткізді. Мәселен, жиһаз өнімдерін тек «Самұрық-Қазына» АҚ және «Атамекен» тізіліміндегі қазақстандық компаниялардан сатып алу көзделген. Бұдан басқа, отандық өндірістегі құрылыс материалдарын қолдану бойынша талаптар енгізіліпті.

Алайда оқу орындарының сыртқы құрылысына қатысты қағазбастылық мәселесі ішкі жабдықталуында да бар. Жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі қауымдастығының президенті Қанат Ибраев бүгінде «Жайлы мектеп» жобасы бойынша жиһаз жеткізуге бірде-бір келісімшарт жасалмағанын айтты.

«Үкіметтің № 963 қаулысына сәйкес, бір ай ішінде осындай келісімшарттар жасасу талабы бар, бірақ көптеген жоба мемлекеттік сараптамадан әлі өтпеген. Техникалық тапсырмаға бірыңғай талаптардың болмауына және тапсырыс беруші ретінде Оқу-ағарту министрлігі тарапынан осы мәселе бойынша құзыреттердің болмауына байланысты мемлекеттік сараптама жүргізуді жылдамдатуда қиындықтар бар», – дейді ол.

> *Ұлттық жобаны жүзеге асыруда шикілік барын Үкімет отырысында Премьер-Министр де жоққа шығармады. Әсіресе, құрылыс нысанына қажетті учаскелерді бөлу және ЖСҚ әзірлеуде кедергі көп екенін айтқан ол барлық проблеманы қысқа мерзім ішінде жоюды тапсырды.*

Мұндай жұмыстарды ертерек бастап тез арада жүргізу үшін іскерлік қажет.

«Осы уақытқа дейін отандық жиһаз өндірушілермен офтейк келісімшарттар жасасу тетігі пысықталған жоқ. Біз бұған дейін жиһаз өнімдерін өндірушілерден тікелей сатып алуды ұйымдастырған жағдайда мемлекет 35,0-40,0 млрд теңгеден астам қаржы үнемдей алатынын, бұл бюджет шығындарын едәуір қысқартатынын атап өткен болатынбыз. Бұл ретте, материалдарды жеткізуді орталықтандырылған ұйымдастыру ЕАЭО шеңберіндегі кооперациялық жобаларға да, сондай-ақ салааралық кооперацияға да серпін бере алар еді. Құрылыс салушылар тарапынан мерзімдерді ұзарту – бұл бюджетті қысқартуды және жобаларға өзгерістер енгізуді ескере отырып, білім беру ұйымдарының объектілеріне шетелдік жеткізушілердің мүдделерін тікелей лоббилеу немесе қолда бар уақытты ұтымсыз пайдалану деп санаймыз», – дейді Жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі қауымдастығының президенті Қанат Ибраев.

Отандық жиһаз өндірушілердің пікірінше, ұлттық жобаға кемінде 400 мың мектеп партасы қажет. Егер қағазбастылық және басқа да қолдан жасалған кедергілерді алып тастамаса, қажетті жиһазбен жабдықтау ісі орындалмай қалу қаупі бар.

«Бәлкім, бұл кедергілер парталарды Қытайдан сатып алу үшін белгілі бір тұлғалардың мүддесі үшін де жасалып жатуы ғажап емес», – дейді олар.

Орта білім саласындағы олқылықтың бірі – маман тапшылығы. Қазір елімізде жұмыс істеп тұрған 7 842 мектепте 600 мыңнан астам педагог қызмет етеді. Президент тапсырмасы бойынша 2020 жылдан бастап мұғалімдердің айлық жалақысы жыл сайын 25%-ға өсіп, төрт жылда екі есе артты. Алайда мектеп мұғаліміне деген сұраныс толық шешілмей келеді. Білім саласының сарапшысы Аятжан Ахметжанның айтуынша, бүгіннің өзінде ел бойынша он мыңға жуық маман жетіспейді.

«Демографиялық дүмпудің балалары мектепке келе бастады, осыған сай сұраныс артты. Алдағы уақытта оқушы саны 4 млнға жетуі де мүмкін. Өкінішке қарай, бір жапырақ диплом беріп, жалған маман дайындап жатқан оқу орындары әлі де көп. Егер мектеп мұғаліміне «сапалы педагог» деген анықтауышын қосып айтар болсақ, бұл мәселе бізде өте ауыр. Бүгінгі балалар «құндылықтар соғысының» құрбанына айналып жатыр. Себебі тәрбиенің өзі бізге әр тараптан келіп жатыр. Батыстың тәрбиесі, шығыстың тәрбиесі, діни тәрбие, либереалистік тәрбие бар. Сондықтан қазіргі баланы бір идеяға, бір мақсатқа тәрбиелеу өте қиын. Ол үшін мұғалімнің өзі бойына ұлттық құндылықты сіңірген маман болуы керек», – дейді ол.

Премьер-Министр Үкімет отырысында жайлы мектептерді оқу процесіне қажетті заманға сай жабдықтармен қамтамасыз етудің маңызын да айтқан. Жайлы мектептер, әсіресе шағын қалалар мен ауылдарда оқушыларды баурап алатын бірегей орталыққа айналуға тиіс.

«Біз ұлттық жобаны іске асыру барысын маусым айында қайта қараймыз. Егер жұмыс тәсілі өзгермесе, жауапты тұлғаларға қатаң шаралар қолданылатын болады», – деді О.Бектенов.

Қысқасын айтқанда, Мемлекет басшысының жаңа форматтағы мектептер салу туралы тапсырмасын орындау Үкіметке үлкен жауапкершілік жүктейді. Мемлекет қазынасынан 2,3 трлн теңге бөлінетін ұлттық жобаның сұрауы да оңай болмас деген ойдамыз.

Бауыржан БАЗАР

ЖОЛ ЖАҚСАРСА, МҮМКІНДІК КЕҢЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға дейін сапасы жақсы жолдардың үлесін 95 пайызға жеткізу керегін айтқан болатын. Бүгінде Түркістан облысында аталған көрсеткішке жету үшін қарқынды жұмыс жүріліп келеді. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды облыстық маңызы бар жолдардың құрылыс барысын өзі аралап, мердігерлердің жұмысын тұрақты бақылауға алған.

САПАСЫЗ ЖОЛ БҰЗЫЛЫП, ҚАЙТА САЛЫНДЫ

Жаңадан құрылған облыс орталығында көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қайта бекітілген Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспары аясында жүріліп келеді. Былтыр жалпы 676 нысан, яғни 1586,4 шақырым жол мен көшелер қамтылды. Жыл қорытындысында 632 нысан немесе 1282,8 шақырым жол пайдалануға берілді. Оның ішінде 326,1 шақырымы жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар жол болып саналады. Былтырғы жылдың қорытындысымен сапаны қамтамасыз ету бағытында мердігер, техникалық және авторлық қадағалаушы мекемелерге 170-ге жуық ескерту хат жолданып, 13 нысан бойынша 7 мердігер, 1 техникалық қадағалаушы және 5 жобалаушы мекемеге 24,3 мың теңгеге айыппұл жазылған. Сонымен қатар сапасыз салынған 81 190 шаршы метр жол жамылғысы бұзылып, қайта салыныпты.

Түркістан облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Қуатжан Жұматаев қауіпсіз көлік қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында өңірде жалпы 3 102 жол белгісі орнатылғанын айтады. 4 550 жаяу жүргіншілер жолағы, 3 053 шақырымға жол таңбалары сызылған. Жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыстық маңызы бар жолдарда 54 «Сергек» камерасы, 37 жерге жасанды жол кедергісі орнатылған.

ҚАНДАЙ КРИТЕРИЙЛЕР МАҢЫЗДЫ?

Жөндеуді қажет ететін жолдар мен көшелер бірқатар критерийге сәйкес анықталады. Атап айтсақ, жолдарға инженерлік желілер (электр желісі, газ, ауызсу, кәріз жүйесі) толық жүргізілуге тиіс. Сонымен бірге көлік ағыны, халық саны бойынша басымдылығы, елді мекендерді қамтуы, әлеуметтік нысандардың болуы міндетті. Одан бөлек, тұрғындардан келіп түскен арыз-шағымдар да әсер етеді. Туристік нысандарға баратын жолдар мен көшелерге де басымдық беріледі.

Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлы аудан, қалаларды аралау кезінде тұрғындар тарапынан көлік инфрақұрылымына қатысты бірқатар мәселе көтерілген болатын. Бүгінде аталған мәселелер шешімін тауып келеді. Соның ішінде, Бәйдібек ауданы тұрғындарымен кездесу барысында ауыл азаматтары Таңатар елді мекеніндегі 3,4 шақырымдық облыстық маңызы бар жолды жөндеуден өткізіп беруін сұраған болатын. Нәтижесінде, басқарма тарапынан аталған жол 2023 жылдың маусым айында жөндеуден өткізіліп, халық игілігіне берілді. Одан бөлек, Мақтаарал ауданындағы облыстық маңызы бар жолдың бойындағы авариялық жағдайдағы көпір күрделі жөндеуден өткізілді. Сонымен қатар биыл Сарыағаш ауданындағы облыстық маңызы бар жолдың бойындағы су өткізгіш құбырды орташа жөндеуден өткізу және Сайрам ауданындағы облыстық маңызы бар жолдың бойын жарықтандыру жоспарланған. Бүгінде, мемлекеттік сатып алу рәсімі өткізілуде.

ЭКСПОРТТЫҚ ТАСЫМАЛДАРДЫ ҰЛҒАЙТУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Түркістан облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Қуатжан Жұматаевтың айтуынша, облыс үшін аса маңызды жобалар жүзеге асқан.

«Былтыр іске асқан және іске асырылып жатқан аса маңызды нысандардың бірқатарын атап өтер болсақ, «Түркістан–Шәуілдір» бағытындағы ұзындығы 64,1 шақырымды құрайтын жолдың 52,7 шақырымында қайта құру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Сондай-ақ Түркістан қаласының әуежайы мен Кентау қаласын қосатын 26 шақырым жолды қайта құру жұмыстары жүргізіліп, былтыр қыркүйек айында пайдалануға берілді. Төлеби ауданы мен Қазығұрт ауданын қосатын облыстық маңызы бар жолдың 14,6 шақырымдық бөлігі орташа жөндеуден өткізіліп, пайдалануға тапсырылды», – дейді басқарма басшысы.

Бүгінде Шымкент қаласының шекарасынан басталып, Зертас, Қасқасу, Диханкөл елді мекендерінен өтетін және «Тау самалы» демалыс аймағына баратын жолдың жөндеу жұмыстары жалғасуда. Сауран ауданының Қарнақ, Ойық, Шоқтас ауылдарын облыс орталығы Түркістан қаласымен қосатын және Шорнақ, Майдантал елді мекендерінен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізіне шығатын жалпы ұзындығы 76,0 шақырым облыстық маңызы бар жолдар жөндеу жұмыстарымен қамтылып, 2023 жылдың қорытындысында толық пайдалануға берілген. Сонымен қатар Түлкібас ауданының Машат, Ынтымақ, Азаттық, Шұқырбұлақ, Майтөбе бағытындағы 32,7 шақырымды құрайтын жолдарға орташа жөндеу жұмыстары атқарылып, пайдалануға тапсырылған.

Жамбыл облысы мен Түркістан облысын байланыстыратын, Созақ ауданының елді мекендерін аудан және облыс орталығына қосатын 152 шақырымды құрайтын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында орташа жөндеу жұмыстары іске асырылып, 63 шақырымы жөнделген. Сонымен қатар Қазығұрт ауданындағы Жаңабазар, Көкібел, Жігерген елді мекендерін жалғайтын 17,9 шақырым жолда орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда. Сарыағаш қаласындағы Қабланбек пен Жібек жолы елді мекендерін жалғайтын 10,6 шақырым автомобиль жолы және Келес және Шардара ауданын жалғайтын 29,0 шақырым жолда орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Түркістан облысының көліктік-логистикалық әлеуетін көтеру бойынша да жұмыстар атқарылуда. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тапсырысы бойынша жобалаушы мекеме «Транспроект-К» ЖШС тарапынан «Дарбаза – Өзбекстан мемлекеттік шекара теміржол желісінің құрылысы» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, оң қорытындысы алынды. 2023 жылдың қараша айында жоба құрылысы басталды. Осынау құрылыс «Сарыағаш» стансасының жүктемесін азайтуға және жалпы Өзбекстан бағытында экспорттық тасымалдарды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

ЛОГИСТИКА ТАМЫРЫНА ҚАН ЖҮГІРТЕДІ

Қазақстан мен Ресейді жалғап отырған «Атырау – Астрахан» тасжолының құрылысын қайта жаңғырту жұмыстары наурыз айында жалғасады. Стратегиялық мәнге ие жол құрылысы биыл толығымен аяқталады деген үміт бар.

НАУРЫЗДА ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Бес жылдан бері жалғасып жатқан «Атырау – Астрахан» автожолының күні бүгінге дейін негізгі бөлігі жартылай пайдалануға берілді.

Көлік министрлігінің деректеріне сәйкес, «Атырау–Астрахан» тасжолының жаңартылатын бөлігінің жалпы ауданы 277 шақырымды құрайды. Шыны керек, тасжолдың толықтай жаңартылып, пайдалануға берілуін атыраулықтар ғана емес, күллі қазақстандықтар күтіп отыр. Себебі ерте кезден бері сауда-саттықпен тығыз байланыста отырған екі ел арасындағы алым-берім байланысы үшін де логистиканың маңызы ерекше.

«ҚазАвтоЖол» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Мұрат Мықтыбаевтың айтуынша, бұған дейін жол құрылысының кедергісіз жүргізілуіне инертті материалдардың қымбаттауы мен қиыршық тасты тасымалдауға арналған жүк вагондарының жетіспеушілігі кедергі келтірген. «Қазір құрылысқа қажетті 1,5 миллион тонна қиыршық тастың 90 мың тоннасы жеткізілді. Наурыз айында барлық учаскелерде құрылыс жұмыстары қайта басталады. Қазір біздің алдымызда асфальттың жоғарғы қабатын төсеу, кірме жолдарды таңбалау, абаттандыру міндеттері тұр. Жобада материалдар бағасының өсуін ескере отырып, түзетулер енгізілді. Биыл барлық нысанды тапсыруды жоспарлап отырмыз», – деді «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Мұрат Мықтыбаев.

Қазір жол құрылысын жүргізумен төрт мердігер компания айналысып жатыр. Олардың ішінде біреуі ғана отандық компания. Қалғандары – Италия, Түркия, Әзербайжан елдерінің қатысуымен бірлескен кәсіпорындар.

ОТАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖЕТПЕЙДІ

Алдын ала белгілі болғанындай, «Атырау – Астрахан» тасжолы екінші санатты автомобиль трассасы болады. Яғни, бастапқыда жоспарланғандай, жол бірінші санатты болып салынбайды. Жоғарыда стратегиялық жол құрылысын салып жатқан мердігер компанияның үшеуі шетелдік екенін айттық. Бірақ бұл жағдайды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі сынға алды. Ал мамандар отандық компаниялардың мұндай маңызды, ауқымды жол құрылысын жүргізуге әлеуеті, мүмкіндігі, тіпті тәжірибесі жетпейтінін айтуда.

«Мұндай жол құрылысын жүргізу кезінде мердігерлердің материалдық-техникалық жабдықталуы мен қаржылық тұрақтылығына қойылатын белгілі бір талаптар бар. Оларды қаржы институттары бағалайды. Өкінішке қарай, отандық компаниялардың көпшілігі мұндай критерийлерге сәйкес келе бермейді», – дейді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Сырым Хамзин.

Атырау облыстық мәсихатының депутаты Нұрлан Қайырденов «егер «Атырау – Астрахан» тасжолы бастапқыда жоспарланғандай бірінші санатты болып салынса, қауіпсіздік деңгейі жоғары болатынын» атап өтті. «Мұндай төрт жолақты жол қауіпсіз және көлік өткізу қабілеті де жоғары болар еді. Құрылыс шығындарын өтеу үшін, тіпті ақылы жолақтарды іске қосуға да мүмкіндік болатын еді», – дейді ол.

Дегенмен «Атырау – Астрахан» тасжолының кей бөлігі жолды пайдаланушылар үшін ақылы болуы да мүмкін. Себебі осыдан төрт жыл бұрын zakon.kz сайты «Қазақстанда бірқатар трассаның бір бөлігі 2024 жылға қарай ақылы болады» деген ақпаратты жариялады. Сол ақпаратта «ақылы болатын жолдар» тізіміне Ресеймен шекараны кесіп өтетін жолдар да кірген. Бірақ әзірге жолдың нақты қай бөлігі ақылы болатыны және оған жол жүру ақысының қанша болатыны нақтыланбаған.

ЖОЛ АПАТЫ АЗАЮЫ МҮМКІН

Логистика, экономика, бизнесті былай қойғанда, «Атырау – Астрахан» тасжолы құрылысының адам өмірінің қауіпсіздігі үшін маңызы зор. Құрылыстың сәтті аяқталуы жол апаттарын едәуір азайтады деген болжам бар.

Атырау облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары, полковник Нұрболат Алексовтің айтуынша, Атырау облысында былтыр 344 жол апаты тіркеліп, 94 адам көз жұмған. 434 адам дене жарақатын алған.

«Жолдағы апаттардың негізгі себептері – басып озу және жылдамдықты арттыру. Биылғы жылдың басынан 16 қаңтарға дейін республикалық маңызы бар жолдарда төрт жол апаты тіркеліп, бес адам көз жұмды», – дейді ол.

Қазір жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында «Ақтөбе – Атырау – Астрахан» республикалық маңызы бар трассасының 579 шақырым, «Атырау – Орал» трассасының 6,9,11 шақырым және «Атырау – Индер» облыстық маңызы бар трассасының 17 шақырымына жылдамдықты өлшеу құралдары орнатылған. «Сергек» жылдамдықты өлшеу құралын орнату бойынша да жұмыстар жүруде.

Еске сала кетсек, «Атырау – Астрахан» автожолы – Ресей мен Түркіменстанға шығатын халықаралық дәліздің маңызды бөлігі. «Сонымен бірге мұндай стратегиялық жол еліміздің батыс және солтүстік аймақтарының көлік байланыстары арқылы Ресей Федерациясына шығу жолын қамтамасыз етуде үлкен маңызға ие болып отыр.

Мамандардың болжауынша, құрылыс аяқталғаннан кейін Қазақстан мен Ресей арасындағы көлік ағыны бір жарым-екі есе артуы мүмкін.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

САТЫЛЫП КЕТКЕН ЖАЙЫЛЫМ, ТАППАЙ ЖҮР АРТЫ ҚАЙЫРЫН...

Ұланғайыр даласы болғанымен ұлтарақтай жерге зар болған ауылдағы ағайынның ащы мұңы азаяр емес. Тіпті, күн өткен сайын елдің әр аймағында халықтың ащы үні зорайып, ұлғайып келе жатқан сияқты. «Бармақ басты, көз қыстымен» тұтас республика аумағында кезінде кепілге кеткен миллиондаған гектар алқап ауылдағы мыңдаған ағайынды жерсіз қалдырып, алпауыт фирмалардың тастай берік қанды шеңгеліне ілігіп кеткен. Салдарынан егін салмақ түгілі, бар күнкөрісі малына жайылым жер таппай қалған жұрт жылдар бойы соттасып жүр...

34 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ҚОЛДЫ БОЛҒАН...

Елдегі кіндік қаны тамып, сонау ата-бабаларынан бері өз жұрты санап келген жері енді ірі компаниялардың меншігіне өтіп кеткендердің басым бөлігі – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облысына қарасты ауылдар. Түгін тартсаң, майы шыққан шұрайлы, қара топырақты жерінен айырылып қалғандардың ішінде Ақмола облысы Зеренді ауданына қарасты Ортақ, Өзен, Жамбыл, Айғыржал және Өркен ауылдарындағы жағдай аса өткір.

Жерлерінен айырылып аңырап қалған бұл ауылдарда қазір әлеуметтік шиеленіс аса күшейген. Ортақ ауылында тіпті жерге иелік еткендердің шектен шығып, өткен ғасырдағы ашаршылық кезінде қаза болғандардың бейітін де жыртып кеткенін жаздық та. Ауылдың белсенді азаматтарының айтуынша, сонау 2005 жылдары алаяқтық жолмен бірыңғай бір схемамен жүргізілген істің ақыры бұл ауылдарға тиесілі 34 мың гектардан астам жерді Халық банкіне кепілдікке өткізіп жіберген. Тұрғындар бұл орайда тіпті халықпен қоса сол кездегі шаруашылық директорларының да алаяқтық жолмен қолын қойып, жалған құжат жасатқаны туралы дерек сараптама қорытындысы бойынша анықталғанын айтады.

– Жеріміз сонау 2005 жылдары кепілге кеткен екен. Бірақ біз бұл туралы адвокатымыз Ботагөз Амантайқызының арқасында 3 жыл бұрын ғана білдік. Яғни, халықтан жасырын құпия түрде жүзеге асырылыпты. Істі сотқа бергеннен кейін біресе облысқа, біресе қайта ауданға жіберіп біраз қажытты. Енді ғана жасалған алаяқтықтардың шеті шығып жатыр. Сол кездегі директорлардың, тіпті бүкіл пайшылардың қолдарын жалған құжат жасап қойдырып алғаны жақында ғана Алматыда жасалған сараптама қорытындысы арқылы белгілі болды. Бұрынғы «Күсеп МТС-ы» жойылып, оның орнына банктен «Дихан плюс» компаниясы сатып алыпты. Ауылдарымыздың іргесіне дейін тақап жыртып тастаған. Қазір тіпті мал жаятын жеріміз жоқ, – дейді Зеренді ауданының тұрғыны Алпамыс Қожин.

АТА-БАБА ӘРУАҒЫНА ҚҰРАН БАҒЫШТАЙТЫН ЖЕР ЖОҚ

Зеренді ауданына қарасты ауылдардың жері үшін үш жыл бойы шырылдап жүрген адвокат Ботагөз Амантайқызы бұл жерде алаяқтық істе аудан әкімдігі жер үлесінің заңсыз өткенінен түгелдей хабардар болса да, еш әрекет етпегенін айтады.

– Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жердің ауыл адамдары үшін күнелтудің жалғыз көзі екенін түсінуге тиіс. Зеренді ауданына қарасты бұл ауылдардың жері үшінші тұлғалардың әрекетімен бүгінде жойылып кеткен «Күсеп МТС-ы» ЖШС-мен халыққа тиесілі жерлер ЖШС-ның жарғылық капиталы ретінде кепілдікке кеткен. Зеренді ауданы әкімдігі «Күсеп МТС-ның» жері жер иелерінің шартты үлестерінен тұратынын біле тұра халықтың құқықтарын қорғамай сауда нәтижесіне сүйеніп жерді пайдалану құқығын «Дихан Плюс» ЖШС компаниясына ұсынған. Ал олардың шектен шыққаны соншалық жер үлесі иелерінің ата-бабаларының қорымына дейін жыртып кеткен. Аудан әкімдігі де, жер ресурстарын басқару басқармасы саласындағы өкілетті органдар да түйткіл ауыл тұрғындарының заңды құқықтарын қорғау және қалпына келтіру тұрғысында болса да түрлі сылтауларын айтып, сырғатпа жауаптарымен құтылып, «Дихан Плюс» ЖШС тарапынан заңның, тіпті моральдық-этикалық нормалардың өрескел бұзылып жатқанына көз жұма қарап отыр. Аудан әкімінің салғыртығынан «Дихан плюс» ЖШС өзін жердің толыққанды иесі санап, оның арнаулы мақсатын өзгертіп, ең сорақысы ауылдың ата-бабасы жатқан жерге дейін жыртып кеткен. Бұл ауыл адамдарының ащы жанайқайын тудырып ел ішінде әлеуметтік шиеленіс күшейді. Аталған ауылдарда жерге астық екпек түгіл мал бағатын, ата-бабасын еске алып құран бағыштайтын орны да жоқ. Ата-баба бейітіне дейін беттері бұлк етпестен жыртқызғаннан кейін бұлардан бәрін күтуге болады, – дейді қорғаушы Ботагөз Амантайқызы.

Дегенмен ауылдың белсенді азаматтары мен қорғаушылардың күн-түн демей арпалысқан әрекеттерінің арқасында жер дауында оң нәтижелер болған. Зеренді ауданының прокуроры Асқар Байжановтың араласуымен бейітті жыртқандарға вандализм фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған.

– Осы жылдың 1 ақпанында Ортақ ауылының тұрғыны Тоқтауыл Қожиннен ауызша өтініш түсті. «Дихан Плюс» ЖШС жұмысшылары ауыл маңындағы бейітті жыртқан. Қылмыстық кодекстің 294-бабымен көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылық белгілерін дәлелдейтін жеткілікті деректердің бар екені назарға алынып, ҚІК-нің 179,184-баптарына сәйкес тіркеу жүргізілді. Баянатқа қылмыстық құқықбұзушылық туралы алынған куәландыратын мәліметтер қоса тіркелді, – дейді Зеренді ауданы полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Жаслан Уәлиев.

Түйткілді жағдай жөнінде пікір білдірген Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы да құзырлы органдарға сұрау салып археологиялық қорымның жыртылғанын растады.

– Зеренді ауданы әкімдігінің 2012 жылдың 20 қарашасында жер комиссиясы отырысының хаттамалары негізінде №687 қаулы шығарып, жалпы ауданы 34 141 гектар жерді «Дихан Плюс» ЖШС-ға берген. Қазір бұл іс соттардың қарауында. «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңға сәйкес басқа мемлекеттік органдар қарауға және бақылауға ала алмайды. Бейітті жырту фактісі бойынша былтыр 23 қарашада Зеренді ауданы ауыл шаруашылығы бөлімі, Күсеп және Ортақ ауылы әкімдері, «Дихан Плюс» ЖШС өкілі және ауыл тұрғындарының қатысуымен комиссиялық қарау болған. Шамамен 10 шаршы метр ауданда бір метр болып топырақ үйілген. Металл қоршаулары жоқ. Анықтау мақсатында облыстық Мәдениет басқармасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығына сұрау хат жолданған. Зерттеу барысында «Дихан Плюс» ауыл шаруашылығы жерлерінен археологиялық ескерткіштер табылды. Оның ішінде күзет аймағы сақталмаған IV Қорған қорымдарының бірі жыртылған. Зеренді ауданы ауыл шаруашылығы бөлімі қорғанды қалпына келтіру үшін «Дихан Плюс» мекенжайына хат жолдады, – дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Еркеш Әленов.

Жер дауы бойынша ушыққан мәселе жөнінде Зеренді ауданы әкімдігінен де пікір алмақ болдық. Бірақ аудан әкімімен тілдесудің еш сәті түспеді. Түйткілді мәселе жөнінде Зеренді ауданы әкімдігіне қарасты Ортақ ауылдық округінің әкімі Манарбек Назымбекұлы бір ауыз пікір білдірді.

– Расында да, Зеренді ауданына қарасты Ортақ, Айғыржал, Өзен, Өркен және Жамбыл ауылдарында кезінде 34 мың гектар жердің банктің кепілдігіне кетіп қалғаны рас. Қазіргі уақытта іс соттың қарауында қарастырылып жатыр. Істің оңынан шешіліп, халықтың игілігіне беріледі деген үмітіміз бар. Барлығы заң аясында сотта шешімін табады деген сенімдеміз, – дейді Манарбек Назымбекұлы.

P.S.

Қашан да болсын, жер дауындағы түйткілді мәселелер халықтың ащы жанайқайын тудыратын аса өткір жайттар. Сондықтан істі қарап жатқан соттардың қара қылды қақ жарар әділдіктен аттамай, істің ақ-қарасын анықтап тиісті шараларды қолданады деген үміттеміз...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ОЙЛАНТАДЫ

Соңғы жылдары Қызылорда облысының білім саласы былыққа батып кетті.

Биылғы жыл басы Сыр өңірінің білім саласындағы жағымсыз жаңалықпен басталды. Жуырда Түркістан қаласында екі баласын өлтірді деп күдікке ілінген әйелдің қызылордалық ұстаз екені белгілі болды. Ол Қызылорда облысына қарасты Шиелі ауданындағы білім беру ұйымында 2014 жылдан бері қызмет атқарып келген. Ұжымдастары мұғалімнің балалармен тіл табысуы жақсы, біліктілігінің жоғары болғанын айтып жатыр. Педагогикалық қызметте де жеткен жетістіктері аз еместігін алға тартады. Мінез-құлқында ешқандай ауытқушылық байқалмаған. Десек те, көптің оң бағасы педагогті жауапкершіліктен құтқармасы белгілі. Осыған байланысты ішкі істер органында қылмыстық іс тіркелді.

Бұл аздай, Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кентінде №189 мектеп оқушылары арасындағы төбелестен бір бала қайтыс болды деген тағы бір жайсыз хабар бәрінің төбесінен жай түсіргендей әсер етті. Оқиғаның жай-жапсарын айтсақ, түс ауа көпқабатты үйдің ауласында балалар ерегесіп, соңы төбелеске ұласады. Салдарынан жанжалдан соққы алған 9-сынып оқушысы елдімекендегі медициналық бекетке жеткізілгенше жан тапсырады. Сол сияқты қаладағы С.Лапин атындағы №261 мектептің әжетханасында оқушылар бір-біріне әлімжеттік көрсеткені анықталды.

Былтыр да дәл осыған ұқсас жағдай Қазалы ауданында болғаны ел есінде. Салдарынан 9-сынып оқушысының денсаулығына айтарлықтай зақым келтірілген еді. Биыл да дәл сондай жағдай қайталанып, соңы бала өліміне соқтыруы жұртшылықты дүрліктіріп жіберді.

Осыған орай Қызылорда облыстық Білім басқармасына жуырда басшылыққа келген Асқарбек Есжанов журналистерге арнап шұғыл брифинг өткізіп, соңғы кездері орын алып отырған өзекті мәселелердің себеп-салдарын түсіндірді.

«Салада орын алып отырған олқылықты болдырмау, жасалып жатқан жұмысты одан әрі жоғары деңгейде жалғастыру үшін құзырлы органдармен бірлескен Жол картасы әзірленуде. Соның негізінде білім мен тәрбие саласының сапасын оңтайландыру мақсатында аймақ басшысының қолдауымен ашылған «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығы жүйелі жұмыс жоспарын жасақтады. Нәтижесінде, орталық қызметкерлері облыс көлеміндегі барлық мектеп пен колледждерге барып әдістемелік көмектер, семинарлар мен кездесулер өткізуде. Алдағы уақытта мектеп оқушыларын өңірдің барлық елді мекеніндегі клубтар мен мәдениет үйлерінен құрылатын отаншылдық және мемлекеттшілдікке, патриоттыққа тәрбиелейтін түрлі бағыттағы үйірмелерді қамтитын «Адал адам» руханитәрбие орталығының жұмыстарына тартатын боламыз. Мектеп психологтерінің кәсіби деңгейінің төмендігі де өзекті болып отыр. Бұл ретте баланың бойындағы мінез-құлық өзгерісін, құқықбұзушылыққа бейімділігін дер кезінде анықтауда психологтің көмегі маңызды. Соған орай облыс әкімінің қолдауымен құрылған «Облыстық психологиялық қолдау орталығы» арқылы білім беру ұйымдары психологтеріне әдістемелік көмек көрсетілетін болады. Бұл орын алған олқылықтарды оңалтуға оң әсер етеді деп сенеміз», – дейді Асқарбек Темірбекұлы.

Басқарма басшысы нәтиже көрсетпеген мектеп директорларының тиімділігіне бағалау жұмыстары жүргізілетінін алға тартты. Соның ішінде лицей, гимназиялардың жұмысына жанжақты талдау жүргізіліп, көрсеткіші төмен мектептердің статусына қатысты нақты шешімдер қабылдау көзделіп отыр.

«Педагог кадрлардың кәсіби деңгейі мен біліктілігін көтеру де назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл тұрғыда балалар тәрбиесімен айналысатын педагогтердің сапалық құрамына ерекше назар аударамыз. Қазіргі уақытта облыс бойынша педагог-шеберлердің үлесі өте төмен. Соның ішінде Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Шиелі аудандарында 1 педагог-шеберден болса, Сырдария ауданында мүлде жоқ. Бұл мұғалімдердің белгілі бір деңгейге жетіп, ары қарай ізденбейтінін көрсетеді. Сондықтан кәсіби біліктілігін арттыруға құлшыныс танытпайтын мұндай ұстаздардың әрекеті ақтап алуға жатпайды», – деп түсіндірді брифингте басқарма басшысы.

Өңірдің білім саласындағы былық мұнымен шектелмейді. Педагогтердің апталық жүктемесіне жасалған талдау қорытындысымен жарты жүктемеге де жетпейтін, яғни 1 314 педагогтің 1-8 сағат жүктememен жүргені де мәлім болды. Соған орай басқарма басшысы алдағы уақытта педагогтердің жүктемесін толықтыру бағытында жұмыс жүргізілетінін жеткізді. Сондай-ақ басқарма тарапынан педагог мәртебесін жоғарылату, шығармашыл мұғалімдерді әдістемелік қолдау бойынша нақты шаралар атқарылмақшы.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Тұңғышбай ЖАМАНҚҰЛОВ,
Халық артисі, актер:

Өнердегі БӘРІНЕН БИІК

Театр өнері – талай жылғы креатив пен қоғамдық ой-сананың жемісі. Өміршең салада шығармашылық ізденіс пен өнерге деген адалдықты ту еткен, көрермен алдындағы шынайылық пен жауапкершілік жүгін арқалаған жандар қызмет етеді. Осынау ізгі қасиеттерді бойына сіңіруге тырысып, саналы ғұмырын өнерге арнаған тұлғалардың бірі – танымал театр және кино актері, Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Тұңғышбай Жаманқұлов. Мәні мен мазмұны келіскен біршама тың туындыларды театр сахнасына әкелген режиссер әрі актер Тұңғышбай ағамызбен шығармашылық жолы, бүгінгі театр тынысы, өзі баптаған шәкірттері және отандық киноиндустрияның ахуалы турасында сүбелі сұхбат құрған едік.

– Аға, жақында 75 жас мерейтойыңызды дүркіретіп атап өттіңіз. Саналы ғұмырыңызды саф өнерге арнағаныңызға аз уақыт болған жоқ. Осынау жылдар ішінде неге қол жеткіздіңіз? Неден айырылдыңыз?

– 75 жасымды елім атап өтті. Мені қадірлейтін елім мен мемлекетімнің басында естияр басшының келгеніне шүкірлік. Жоғарыдан оң «дүмпу» болмаса, төменіміздің қимылдауы қиын заманда екенімізді жасырып не керек... Әлбетте, ел арасындағы азғантай абыройымыз бен еленген еңбегіміз менмұндаламаса, мұндай қолдау мен марапаттарға қолдың жетуі екіталай ғой... Тәубе... Болмаса, осы жасқа жетпей, алқаланбай, сыймықтана алмай менің барлық дерлік достарым мен құрдастарым, қайсыбір шәкірттерім Раббысына кетті... Өмір ғой… Иә, мұртым тебіндеген балаң кезімдегі қызығушылықты қоспағанда, 53 жылдан астам өмірім кәсіби өнердің қаспағына дейін қырып жеуге сарп етілді. Кедергілер мен қиындықты көтере алатын ертегідегі «Таусоғар» не «Көлтауысар» сияқты көзсіз батырмын деп кеуде қағудан аулақпын, әйтсе де өнер азабына шыдас бере алмай, талай тізгін тартып, өнерге келгеніме қанша рет қарадай өкінген кездерім болмады деп те айта алмаймын... Өмір мен өнер жолы Қапшағай көліне тура баратын даңғыл жол емес деп, өзім талай айтқандай, бұрылыс, кептеліс пен тайғақ, ойлы-қырлы, жоғары-төмен тұстары болмады емес, болды. Болғанда қандай! Мәмбетовтің жерлесі, Аймановтың туысы, не Рахмадиевтің жиені емеспін... Ұстаздарым Хадиша Бөкеева мен Асқар Токпановтар балалар үйінде өскен жаутаңкөз ұрпақ өкілі, қолдау-тіреусіз тұл жетімдер тұғын... Өз кеудесін өздері сүйреген, өз жандарын өздері күйттеген, бірі Петербор, бірі Мәскеуде тәлім алып, жең ұшынан жалғасу дегенді білмей өткен пірәдарлар-ды... Ал мен – Сарыарқаның төсін жарып өтетін Мойынты мен Шу бойына салынып жатқан шойын жолдың бойындағы үш-төрт жанұялы, орысы мен оймауыты тұратын кішігірім разъездегі қарапайым теміржолшы Қадырдың баласымын, шежіреші атам Жаманқұл дейтін қазына шал мен ертегіші әжем Баршагүлдің тұңғыш немересімін. Айдалада жападан жалғыз жүрдім, анда-санда ой қуып сырласатын, бала болып ойнайтын тетелестерім – қауға сақал орыс бригадир Панкратовтың тұлымы желбіреген бірді-екілі көккөз қыздары еді... Солармен ойнаймын деп орысша үйрендім.

...Хоош деңіз... Жоғарыдағы тізбелеген балаң кезім есте қалған соң, есерсоқ болып өспегенімнің куәсі болар. Арманшыл болдым, рас... Рас, ерте есейдім, алайда бала кездегі балаң сезімді кірлетпегенім хақ. Өнерге алып келген де сол шығар. Әлбетте, тапқаным көп. Өнерге есепсіз қызметім талай адами да, суреткерлік те биіктерге жетеледі. Өнер арқылы ұлтымды терең танылым, тарихына үңілдім. Бала кездегі неге бұлай дейтін «күн фаякүн» сұрақтардың жауабын тапқандай болдым. Ол жауаптар елімнің тұманды сағымға көмілген өткенінің өкініштері түпсіз уайымға сүңгітіп, қан жұтардай қайғыға батырды. Есімді жиғанда еліме деген, оның өткеніне деген ерек махаббатпен бірге есейдім. Міне осылай, жеті қат жер астында қалған бабалар даусы жүрекке жеткендей әсерде жүргеніме біраз болды. Қысқа қайырсам, жоғалтқаным: уайымсыз күйім, тыныш өмірім... Ал тапқандарымды айттым ғой деймін: арсыда қалған Алашымның арманының ащы зары, сол арқылы жүрегіме байланған мұң мен шер... Әйтпесе, өнер арқылы аста-төк өмір сүру, алқаланып кеуде керу, патсайы көрпе жамылып, бөз көйлек кигенге масайрау, сары темірден салқыншақ таққанға арқалану – мұңы аздардың мәресі ғой... «Ақымақтың аты арып, тоны тозбайды» деген мақалды жарықтық атам Жаманқұл жиі айтатын. Бұл мақал армансыз, мұнсыз, Мұхтар Шаханов ағамызша сілтесек, сақал-шашы күнге ағарған сондай тоны тозбайтын «жарықтықтарға» арналғандай еді...

МЫҢ ДА ТОҒЫЗ ЖҮЗ ЖЕТПІС БІРІНШІ ЖЫЛДЫҢ КӨКТЕМІ ЕДІ...

– Театрға аяқ басқан жылдары алғаш болып Қадыр Жетпісбаев ағамыз өзіңізге рөл ұсынған екен. Тарихы талай нарқасқалардың есімімен астасып жатқан академиялық театрдың табалдырығын қалай аттадыңыз?

– Имене аттағам. Ата театрға табаным тиер-ау деген астам арман болған жоқ. Шыны – осы. Екінші курстың студентімін, қыс көзі қырау, жадау киім, ашқұрсақтықтан асқазаным ауырып жүретін тырыли арық кезімде, ата театрдың басшылары орысша ілеспе аударма бөліміне, аяқ астынан отаға түсіп қалған қызметшісінің орнына уақытша адам ізден жүргендерін, әншейінде еш нәрсені елең қылмайтын Хадиша апамның ести қоймасы бар ма?.. Кісіге көз тастауы былай тұрсын, тіпті түкірігі жерге түспей жүрген Мәмбетовке «менің курсымда орысшаға судай бір студентім бар, сол жұмысқа уақытша ала тұрасың ба?» дегеніне ғайыптан тайып құлақ асып, келсін депті. Сөйтіп, көрермен залының төбесі тұсында құстың ұясындай терезе-тесігінен сахнаға қарап, микрофонға үңіліп отыратын қуықтай бөлмеге аудармашы-диктор болып орналастым. Айлығым 65 сом екен. Үздік оқығаным үшін алатын лениндік 80 сом стипендиям бар, не дейсің байып шыға келдім! Менен бұрын бөлмелес Кәдірбек Демесінов, Секербек Жабықбаев, Өмірбек Боранбаевтардың жолы болды. Олар шай-суанға жарып, ток жүретін жағдайға жетті. Күнде кешке сабағым бітер-бітпесте зыр жүгіріп театрға жетем, сол қуықтай бөлмеден атынан ат үркетін актерлердің ойындарын көріп, қиялмен олармен бірге орысша «ойнап» жалым күдірейе бастағанын айтпай кетуге болмас. Сөйтіп, бригадир Панкратовтың көккөз қыздары бір кәдеге жарағаны бар емес пе! Спектакль басталарда жұртпен бірге қызметшілер кірер есіктен кіремін, аяқталғанда сорайып сол есіктен шығамын. «Мынау кім өзі?» деп үрке көз салғандардың бірі жарықтық Қадыр Жетпісбаев еді. Ілияс Жансүгіров жайлы «Дала дастаны» қойылымын дайындап жатқан кезі екен. Басты рөлде жан досым Әнуар Боранбаев болатын. Қайдан сөз шыққанын қайдам, атан түйедей, аңғал Матан Мұраталиев ағамызға телінген революционер Бейсенбай рөліне шақырды Қадыр ағам! Төбем көкке жетті! Сөйтіп, сабақтан өйтіп-бүйтіп сұранып, дайындықтарға қатыса бастадым. Әлбетте, премьераны Матан ағам ойнады, мен кейін, жаз шыға Бейсенбайдың рөлдік киімін кие бастағам. Әрине, жетістіріп ойнай алмағаным хақ, мойны ырғайдай мен қайда, батыр тұлғалы Матан ағам қайда? Бұл – мың да тоғыз жүз жетпіс бірінші жылдың көктемі еді...

– Өнер майданында жүріп тарих қойнауында есімдері алтын әріппен ойып тұрып жазылған Абылай хан, Махамбет, Сырым, Жәңгір хан, Әбілқайыр хан, Құнанбай, Қайырхан, сондай-ақ Эдип патшалардың ғұмырын кештіңіз. Көрермен сол заманның тұрмысын шынайы өмірде көрмесе де, киелі сахнадағы рөліңіз арқылы сезіне білді. Расында, тарихи тұлғалардың бейнесін сахнаға абыроймен алып шығу – жауапкершілігі ауыр жүк. Атынан ат үркетін тұлғалардың рөлін сомдау өміріңізге қалай әсер етті? Рөліңіз арқылы көкейге не түйдіңіз?

– Сіз аттарын атап, түстерін түзген кейіпкерлер менің өнерпаз Актер ретіндегі Бағым, бойымда ұлтымның қаны қайнап ағып жатқан Адам ретіндегі Сорым, мәңгілік Уайымым! Ол «былай болды, олай болды» деп себеп-салдарын, жөн-жосығын тізбелемей-ақ қояйын. Бәлкім, Жаратушыдан маған сондай назар түсті, соларды сахнада кейіптеу, мұның байлау... маған бұйырды... Заманалар көшінде азап шегіп, өмірі өксікпен өткен сол тарихи тұлғалар мені адам ретінде қайта туғызды, есімді жиғызды, актер ретінде биікке көтерді, мәңгілік мұңға батырды. «Мені ел таниды, атым әйгілі актермін» деген бөстеки пенделіктен, қуыс кеуде далақбайлықтан тазартты... Арсыда қалған ата-баба арманы мен аманатын мойнына артқандай болды. Балаң кезімде әкем, атам мен әжеме, орталарында еңбектеген маған, сығырайған кірәсін шамның жарығымен әндетіп оқитын «Мың бір түн» мен «Дариға қыз» атты пайғамбарлар туралы ойға шомдырып, оңайшылықпен ұйықтатпайтын ұзынсонар жырдың оқиғалары, әжемнің Адам Ата мен Хауа Ана туралы ұзынсонар ертегілері түсіме жиі кіретін «дертке» шалдығатын болдым. Мен сол сіз термелеген рөлдерімді ойнамадым... Олардың өмірін сүрдім! Бақыт деген осы шығар… Ұлтының өткенін ағза-жүрегіңнен өткізіп, қиял ғажайыпқа сеніп, Мұң байлау да бақыт екен. Менің ардың-гүрдің өмірімнің қаңғалақтап жүріп, Өнер әлемінен бір-ақ шыққанына шүкірмін, осыны түйдім, ризамын.

– Режиссер ретінде «Томирис», «Аршын мал Алан», «Қазақтар», «Ай мен Айша» қойылымдарын сахнаға алып келдіңіз. Тіпті, мерейтойыңызға орай таяуда академиялық театрда спектакльдер апталығы атап өтілді. «Әр жобаң – өз балаңдай» дейміз ғой. Жылдар бойы өнерде жасаған осынау қойылымдарыңыз театрсүйер көрерменге жетті ме?

– Жетті деп ойлаймын. Бұл қойылымдар ата театрдың абырой атағына, тақырып-талғамына сай дүниелер болды деп, кезінде талдау-таразы жасаған сары тісті сыншылар талай рет таспаға басып, пәтуәлі пікір жазған-ды. Кейбір керағар ойлы, іштеріне пышақ айналмайтын басшысымақтар, осыны «айқайлата бермей» репертуардан алып тастау керек деп мүйізгөктей берген соң қойылмай кеткені рас. Абылай, Адам Ата боп, арсыдан атой салып, «айқай салып» жүрген мен екенімді көрген көрермен, есі бар жұрт біледі ғой... Менің режиссураммен болған спектакльдер былай тұрсын, мен актер ретінде басты кейіпкерін сүріп, көрерменге көзайым болған туындылар да осылай теперіш көргенін жасырмаймын. Абылай хан туралы екі бірдей сүйекті қойылым, Адам Ата мен Хауа ана жайындағы режиссуралық эстетикасы ерекше болған Әуезов театрының сахналық көркемдігі жоғары шығармаларын көрерменнің «жоғалтып» алғаны өтірік емес. Іздеп, сағынған көрерменнің сал шекпенін елеген ешкім болмады. Олардың орнын ойсыз, мұнсыз айқайы құмығып, айшылық жерден емес, астыңнан зорға естілетін мекиен қораздың қиқуындай болған белсіздер басты.

– Кезінде «Ай мен Айша» қойылымына қатысты «Прозадан сахналық көркем шығармаға айналған қойылымның шын бағасын айта алатын теоретик аз» депсіз. Сіздің режиссерлік қабілетіңіздің нәтижесінде жарыққа шыққан қойылымдар лайықты бағасын алды ма?

– Лайықты бағасын алды ма, алмады ма... ол жайлы ойламаймын да, уайымдамаймын. Ең бастысы, менің жанымды жеген жегі, көңілімнің төрінен орын алған, ұлтымның басынан өткен запыран уақиғалар негіз болған сол қойылымдарды сахнаға көшіруге мүмкіндік туғанына, жұмыс барысындағы өзім сынды өзегі таза, өткенге бейжай емес әріптестеріммен суреткерлік толғақ тұсында бірге болып, мен сияқты мұнданып, мен сияқты шерленген сағаттарым мен күндерім, қанат байлаған кездерім, ұшқан тұстарым – баға жетпес қымбаттарым. Көрерменге жетті деген сенімім мол, оған лық толы зал куә, олардың көздеріне ұялаған мұң куә, жалғыз тамшы көз жастары куә. Теоретик сыншыларға келсек, «кісідегінің кілті – аспанда» деген, әркімнің көңілі жоғары. Абай хәкім айтқандай, «құлақтан кіріп бойды алар, әнді сүйсең менше сүй»... Яғни, кейпіне енген рөлдерімнің шеменіне менше шерленіп, менше мұңға бату оларға міндет емес, олар – салқын ақыл иелері, теоретиктер. Менің жан дүниемді ұғып жатса, қойылымның дерті мен жүрек қағысының, жаныңды тербер қанды тақырыбы мен арманға айналған запыранды мақсат-мүддесінің тереңіне батып жатса – мархамат, патша көңілдері білсін. «Демеймін мені мақтасын, я жақсын, я жақпасын»... Тек түсінсе игі, түйсінсе игі, жүрекпен зерделесе игі...

ЖҮРЕК АЛДАНЫП ҚАЛСА ДА, ӨЗІ АЛДАМАУЫ КЕРЕК

– Өзіңіз айтпақшы, «Өнер – білектің емес, жүректің ісі» деп білесіз. Театрдың киелі сахнасы актерден қандай қасиеттерді талап етеді?

– Біразын жоғарыдағы жауабымда айттым-ау деймін... Иә, өнер – жүректің ісі. Жүрек – алданып қалса да, өзі алдамауы керек. Театр – тірі өнер, тірі ағза болғандықтан да тірі актердің жүрегі алға шыққаны, шынайы қаққаны

талғам әлемі

БОЛҒАНЫ ЖӨН

абзал-ды. Актер шеберлігінің К.Станиславский түзген, бүкіл төрткүл дүние мақұлдаған жүйе-теорияларында актер үшін біліп жүруге керекті, санасынан шығармауға тиіс үш түрлі мектеп-қағида бар: Олар мыналар: Кейіпкер СЫНДЫЛЫҚ (представление), кейіпкер ЖАНДЫЛЫҚ (переживание), кейіпкер МӘНДІЛІК (воплощение) деген. Алғашқысы – үстірт, жеңіл ойын. Ұқсап бағу, жаттанды сөз. Екіншісі – шынайылық, жанын салып кейіпкердің бейнесін орындау, өмірін сүру емес... орындау. Ал үшіншісі – нағыз биіктік, екінің бірінің бақ-талайына бұйырмайтын өлшем! Актердің жан дүниесінің драмада жазылған кейіпкерден, оның мінез-тұрпатынан, тіпті өзінің адами ұстын-табиғатынан жоғарылап ары асып, биік өлшемге, ерекше әлемге, суреткерліктің құзар шыңына көтерілу, ұшу!.. Міне, бұл Құдірет, адам ағзасына психикикалық салмақ түсіретін биологиялық өзгеріс десе де болғандай! Басыңызға басқалай, бөстеки ой келмес үшін, адам баласының қолынан келмейтін нәрсе жоқ дегенді еске салсам айып етпеңіз... Өйткені біз Жаратушының сүйіп «сызған», ерекше махаббатпен жақсы көріп жаратқан пендесі, тағы да Өзі жаратқан өзге мақұлықтардан бөлектеп, бойымызға қайтпас қажыр мен алапат күш, бес сезім мен жылы жүрек, басқа жәндіктерге қимаған ақыл деген құдіретті дарытқан «хомо саппенс» деген құбылыспыз!

– «Бегалиндер мен Қарсақбаевтардың, шенеуніктің шекпеніне құл емес Қожықовтардың заманы келмеске кеткен» дейсіз. Мұның астарында нендей пайым жатыр? Осы тұста өнердің нағыз шыңына айналған театр сахнасының қазіргі тынысына қалай баға берер едіңіз, аға?

– Бүгінгі режиссерлер жақсы үйреніп алған кәсіби қулық-сұмдықтардан ада тұлғалар еді ғой олар... Істеген ісін жан-тәнімен, кәсіби адалдықпен атқарған атпал азаматтар еді... Абдолла Қарсақбаев деген ағамыздың түсірген бірде-бір фильмі экранға шықпай, «полкада» жатып қалған емес. Талай рет халықаралық бәйге-фестивальдардан қомақты жүлделер алып келсе де, мейманасы тасып, мұрнын көтермеген. Ол кісінің түсірген фильмдері қазақ киносының классикасына айналған. Сонда да «маған атақ бер, жағдайымды жаса» деп жоғарыға телмірмеген суреткерлігі бәрінен биік, ұмырлық кәсібіне берік кісі еді. Ал Сұлтан Қожықов ағамыз Герман соғысының сайыпқыраны болса да, халық жауының туысы болып шетқақпайланса да, ешқашан міндет қылып еліріп, еліне, мемлекетіне зар-запыранын төккен емес. Суреткерлік кредосына, шығармашылдық ұстанымына, өнерпаздық талғамына сатқындық жасамаған кісі. Бір ғана мысал: «Қыз Жібек» фильмінің сценарийін жазған, ел іші мен шенеуніктер арасында қадірі мен парқы бөлек Ғабеңнің, атышулы классик Ғабит Мүсіреповтің автор ретіндегі талабынан бас тартқаны неге тұрады! Талабы – бүгіндері белгілі, ғашық жары, өте талантты, хас сұлу актриса Раиса Мұхамедиярова басты рөлде, Қыз Жібекті ойнауы болатын... Тіпті, сценарий де сол актрисаға арналып жазылған еді! «Платон менің досым, алайда ақиқат қымбат» деген аталы сөзден айнымау, Ғабең деген бірге жүрген замандасы, досы дерлік жағдайда болса да адалдықтан аттамай, кәнігі актриса Мұхамедиярованы емес, ол кезде өзегі таза, өрімдей Өтекешеваны таңдауы – кісілік келбетінің, өнер деген ерек құбылысты қан жүрегіне жоғарыдағы Жаратушы теліген әуейі әлемге адалдығының айқын айғағы емес пе?! Ал Мәжит Бегалин деген маған алғаш көзі түскен, кішкене эпизодтық рөлге шақырып, кино әлеміне аяқ бастырған менің алғашқы кинорежиссерім. Ал бүгінгілердің арұяттан, адамгершілік сипаттан, суреткерлік адалдықтан аттай салуы түк те емес! Тіпті, кино табиғатына еш қатысы жоқ, екі бұтының арасына қыстырып, дәу скрипка деп түйсінген мұны зор виолеченьдің үні жүрегі түгіл құлағына кірмей-ақ, мәдениеттің биік орынтағына қонжиған дүмше министрдің «бұйрығын» ойлан-бастан орындай салатын тайғанақтық тұрпат бар жерде қайдағы кісілік, қайдағы талғам таразысы?!. Олар оны кір кебісімен ойланбай таптап, содан барып Ұлы Өнердің Қасиеті қашатынын, Кепиеті ататынын ескермей, бір емес, бірнеше қайнауы кем шала дүние жасауға арланбайтын болған!

– Бүгінде 45 жылдан аса уақыт шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық жолында тік тұрып қызмет етіп келе жатқан жансыз. Өнер әлеміне бетбұрыс жасаған сәттен бастап қазірге дейін 200-ге таяу шәкіртіңіз бар екенінен хабардармыз. Сол шәкірттеріңіз қазір қайда жүр? «Ұстаздан шәкірт озар» демекші, кіл жүйріктің арасынан суырылып шыққан, өнерімен көптің сүйіспеншілігіне бөленген шәкірттеріңіз бар ма?

– Әрине, бар! Шүкір, алды Қазақстанның Халық артисі атағына ие болып жатыр. Ол – Дулыға Ақмолда деген өнерге де, кісілікке де адал, бүгіндергі менің әріптесім. Қырғызстанның Ел артисі атағына ие болған Бұсырман Одурақаев деген шәкіртім Бішкекте Сервантестің Дон Кихотын кейіптеп, бенефис жасап еліне елеулі боп жүр. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері деңгейіне әлдеқашан жеткен тәләбаларымды санамай-ақ қояйын... Қайсыбірлері неше түрлі өнер мекемелерін басқарып жүр. Шәкірттерімнің жартысынан көбі өнерде өз жолын тапқанын мақтан тұтам. Адасқандары, шет қалғандары, ардан аттап, күні үшін күмілжіп, күдіре жалдыларға жарбаңдап, бірді-екілі сатылғандары да бар... Өмір ғой, бес саусақ бірдей емес.

САНА МЕН ЖАН СИПАТЫНДАҒЫ МҮГЕДЕККЕ АЯУШЫЛЫҚ ЖАСАУ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

– Шәкірттеріңіздің арасында өзіңізді ренжіткен, көңіліңізді қалдырған жандар болды ма? Жалпы, сіз кешірген, сізден кешірім сұраған кездер ше? Кімге қатты ренжідіңіз, кімнің көңілін қалдырдыңыз?

– Әзірге біреуі ғана. Тіпті, менен ұстазым емес деп бас тартып жүрген, сұхбатында барды жоққа балап, әлдебіреулерді арқа тұтып, аярлық жолына түсіп адасып жүрген жәдігөй... Ол үшін таусылып, уайымдап, жанығып, жапа шегуді қажет деп санамаймын. Ұмыттым!.. «Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім» дегендей... Дәл мұндай сатқындыққа бара алған адамда кешірім сұрау деген түсінік те, түйсік те болмайды, шырағым. Өйткені ол аттаған арсыздықтың кешірілмейтінін, менің кешірмейтінімді жақсы біледі. Тән сипатындағы емес, сана мен жан сипатындағы мүгедекке аяушылық жасау – жарға жығады. Жығыла-жығыла болдық, онсыз да тіземіз қызыл ала қан... Адами сипатынан айырылғандар Әзәзілдің ауылындағы мәңгүрт санатында ғой. Ол індет түбегейлі ірітпей, шірітпей тынбайды, көрге бірге кіреді.

– Кино тақырыбына ойыссақ. Сіздің театрдан өзге, кино саласына да қосқан елеулі үлесіңіз бен жиған тәжірибеңіздің бар екенін білеміз. Бүгінде қазақ киносы тақырыбында түйіні тарқамай келе жатқан мәселелер әлі де көп. 90-жылдармен салыстырғанда қазақ киносында серпіліс бар. Десек те, саны артқанмен сапасыз дүниелердің шеті көрініп қалатыны жасырын емес...

– Қазақ киносы ауырып жүр... Біразын жоғарыда айттым. Бұрынғы экс-министрдің құрып алған өрмекшінің торындай заң баптарынан аршыла алмай жүрген жай оларда. «Қазақфильмнің» ежелден келе жатқан үрдісін бұзып, олардың өзін тәуелді етіп қойған эксперттік орталық құрғызып, қаражат жымқырудың оңай жолы жасалған. Ол Парламентте заң жүзінде бекіген. Оны өзгерту үшін Парламент қайта қарау керек. Әлгі эксперттік орталық, «жаңбыр-жаңбырдың» арасымен жүріп, қазан шетінен қаптырып қалуға ыңғайлы болғандықтан қайсыбіреулерге ұнап қалған... Сөйтіп, киношылар қазір екіұдай күйде ұмар-жұмар. Сондай жағдаймен аңтарылған кино әлемі фильм түсіруден бұрын сол шатақтан қалай арыларын білмей әлек. Жаңа министріміз бұл торды аршымақ боп жүргенін естиміз, алайда алға жылжу сылбыр. Иә, жеке қаражатқа түсірілген авторлық фильмдер арагідік алқа тағып аттары аталып жүр, оған да шүкір. Ал ұлтымыздың ғасырлар қойнауында жатқан тарихы мен азапты тағдыры жайлы сүйекті фильмдер жасау үшін Үкімет оң көз танытып, қомақты қаржыны қызғанбай бөлуі керек. Ол қаржыға «көз алартатын» суық қолдылардың қолын шабу керек! Өйткені «Ұлы дала таңы» сынды, экс-министрдің жемсауынан артылған ақшаға, үйтіп-бүйтіп түсірілген кино біздің үнірейген жыртығымызды жаппайды. Бұл әуел баста түріктің «Ертұғрыл» сериалын түсірген режиссермен жоспарланған жоба еді, 100 сериялы телефильм болмаққа керек еді... Амал не, басталмай жатып, экс-министрдің қойған талапты «тәбетінен» шошынған түрік режиссері «аш бәледен қаш бәле» деп Ыстанбұлына тартып отырыпты деп естідік... Естіген құлақта жазық жоқ. Содан қалған «кәшекке» Ақан Сатаев деген Құдайға қараған іниміз (рақмет оған), «жылап ішіп, шыңғырып дәретке барып» жүріп, қалған-құтқан тиын-тебенге қазақтың Қасым ханы жайында, амалдың жоқтығынан үзік-үзік фильм түсірді-ау әйтеуір. Кемшілігі жоқ, төрт аяғы тең дүние деп асыра мақтамайын, алайда бөлінген қаражат кемшін болса, мұндай соқталы, тарихи дүниені қолға алу – әрі патриоттық, ерлік десе де болғандай... Обал ғой, «жоқ – жомарттың қолын байлайды» емес пе?.. «Арзанның сорпасы татымайды» деп ата-бабамыз білген соң айтқан да...

– Сұхбаттарыңыздың бірінде «Киноактерлердің көбі театрдың талабына, тәртібіне пар келе алмайды, көрерменнің алдында жанын жалаңаштап, бүкіл залды соңынан ертіп, ертегіге сендіре алмайды» депсіз. Кино мен театрдың басты ерекшелігі неде? Екеуінің арасын қақ жарып тұрған нендей айырмашылық?

– Айырмасы жоқтың қасы. Театр – тірі өнер, ал кино – қимылдайтын сурет. Актердің, режиссердің сіңірер еңбегі, жаралар, жалаңаштанар жан дүниесі, мұң мен шері, сыздатып ауыртар жүрегі біреу емес пе? Араға кіріп алған жалғыз-ақ айырмашылығы бар – ол ақша деген әзәзіл. Кинодан түсетін ақша көп, қаржыгерлердің ұғымымен септесек, дивиденттері көзге де, қалтаға да бірден түседі. Ал театр деген Қасиетті қағбаның мәресі алда, болашақта! Оның мүддесі қампайтуды қам қылған қалтада емес, қағысынан айнымауды мұрат тұтқан Қазақ деген қағынан жерімеуді аманаттаған ұлттың қан жүрегінде! Сондықтан балға үйірілген аралардай өнерге емес ақшаға үйірсектер «кино ауылы да бір төбе дегендей... Реті келіп тұрғанда бұл төбеге де дәрет сындырып» кетуге арланбайтын болған.

«КӨРІНГЕН КӨК АТТЫ» КИНО ТҮСІРІП, БҰЛ ӨНЕРДІҢ ҚАДІРІН КЕТІРДІ

– «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» дейтін халықпыз ғой. Алайда киноиндустрияның айналасында жетік білімі мен тәжірибесі жоқ әнші-блогерлер қаптап кеткен жоқ па?

– Иә, оныңыз рас, қаптап кетті. «Көрінген көк атты» кино түсіріп, бұл өнердің қадірін кетірді. Қимылдайтын сурет болғанымен, бұл да өнер, техникалық мүмкіндіктері мол. Бірақ бұл өнер ас талғамайтын қомағайдың қолындағы ойыншық сынды... Аңғал көрерменді алдап, арзан дүниеге әуес қылған арсыздарға керегі де сол. Өзбек халқының «есектің артын жусаң да мал тап» дейтін мазағы амалсыз еске түседі. Сол «көкаттылар» бүгінде «охранамен» жүреді екен. «Жақсы менен жаманды айырмай», талғамы белден төмен түсіп, ышқырға қол жүгіртіп, арасатта қалған қайран қазағым-ай...

– Кеңес заманында кино режиссері авторлық кино түсірмес бұрын, бойындағы тәжірибесін жанрлық фильм түсіру арқылы дәлелдеуі шарт болған екен. Ал бүгінгі режиссураның ахуалы қай деңгейде? Таланты мен талабы ұштасқан білікті мамандар жеткілікті ме?

– Жалпы, режиссура деген еріккеннің ермегі болған сықылды. Барды көрмей, қара аспанды төндіріп, ауызды құшөппен сүртпейін. Қуантып, үміттендіріп жүрген бірді-екілі жүйріктеріміздің атын атап, түсін түстесем, мұрындарын көтеріп дандайсып кете ме деп қорқатын болдық. Абайлап мақтамасақ, аспандап кетіп, жер басудан жаңылып қалатын алып-ұшпа көңіл, бас бермес көк дөнен ғой... Алайда театрда да, кинода да режиссерлік финт жасап, интернет деген иттің сідігін иіскеп, өзгеден көрген өңезге елігіп, қазақта бұрын-соңды болмаған жаңа форма жасамақ болып теріс сиып, ең маңыздысы – мазмұнды тәрк етіп «тентектік» жасағандарға, аузымызды ашып, көзімізді жұмып таңдана қарайтын кезде тұрған сықылдымыз. Кеуде қағып, «ой біз деген, қанымыз таза, ата көрген, әже ақылын сіңірген, ана сүтін арзандатпаған, баба салтынан айнымаған аруақты ұлтпыз» деп кергігенмен, шыққан тегі мақрұм, «иван – не помнящий родства» деп, өзіміз күлетін өзге ұлттың, бір кеште бес сағаттық спектакльді тапжылмай көретінін естіп-біліп, жерге қарайтын болдық... Ал кеудемсоқ қазағым екі актілі классикалық тарихи қойылымның бір актісіне ғана «шыдап», залдан шығып кететінін көргенде көрге кіруге дайынсың! Немесе түкке тұрғысыз, я мазмұннан, я ұлттық реңктен, я суреткерлік сүреден жұрдай, арзан ыржаңға құрылған күлдібадам киносымаққа құмар, кинозал толы көрерменге не дейін! Қайсыбірін айтайын! Солай, қарағым... Текті таланттан гөрі, азған заманның арсыз талабына құл болғанымызды ойлап, жаны ауырып жүрген жоғарыда да, төменде де ешкім жоқ! «Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа» құрдымға кетіп, құрыған жеріміз осы шығар! Қатты кетсем, ғафу... «Дос жылатып айтады» деген ескіден қалған есті сөз есте шығар...

– Әңгімеңізге рақмет, аға! Шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Норвег режиссерлері Джо Вемюнд Свендсен мен Петтер Соммердің «Өзіміздің жігіттер» (For vi er gutta) аталатын деректі туындысы бар. Достық, бауырмалдық, музыкаға махаббат пен өмір құндылықтары туралы фильмде орта жастағы 25 азамат әр сейсенбіде күйбең тіршіліктен бас алып, бала-шағасынан бөлек шығып, рок-әндер айтуға жиналады. Басқосу кезінде ән шырқап қана қоймай, басына түскен қызықтар мен қиыншылығы жайлы әңгіме-дүкен құрады. Сондағы картинаның айтпағы – ер-азаматқа орта жас күйзелісін еңсере алуға орта керек, «үйінен шыққанда қосылатын үйірі» болуы тиіс-ті. Ал бұл пәлсапа барша адамзатқа тән…

ЖЫЛЫТАР ЖАЙ КЕРЕК...

Айдана НҰРМҰХАН

Бүгінде психолог мамандар адамдардың, әсіресе жастардың әсіре меланхолик, яки флегматик болуының себебін қоғамнан оқшауланумен байланыстырады. Былтыр Qalam инновациялық білім қоры еліміздегі жастардың жай-күйін, өмір салтын білмекке әлеуметтік зерттеу жүргізді. Сарапшылар 18-35 жас аралығындағы 2 мың адамнан сауалнама алған. Өкінішке қарай, зерттеу қорытындысындағы жастардың психоэмоциялық жай-күйі жайлы деректер көңіл көншітпеді. Респонденттердің 21%-ы – ұйқысыздық, 16,6%-ы – апатия, 13,2%-ы – қорқыныш және 12,8%-ы күйзелістен зардап шегетінін айтқан. Бұл көрсеткіш дүниежүзілік статистикадан әлдеқайда жоғары, 4-5 есеге көп. ДДСҰ мәліметінше, әлемнің 3,8% күйзеліске душар, ал мұның 5,7% 60 жастан асқан қариялар. Сарапшылардың дерегінше, елімізде күйзеліске ұшырағандардың басым көпшілігі – жастар.

«35 жасқа дейінгі азаматтардың күйзеліске бейім болуы кез келген әлеуметтік орта үшін қауіпті. Дамыған елдердің зерттеулері көрсетіп отырғандай, жастардың ұйқысыздық, апатия, сенімсіздік, қорқыныш және басқа да жағдайларға жиі душар болуының салдары ішімдікке, есірткіге, түрлі ойынға тәуелділікке, антиәлеуметтік мінез-құлыққа әкеледі. Инфаркт, инсульт, онкологияның есебін арттырады. Сондықтан жалпы халықтың, әсіресе жастардың психоэмоциялық жай-күйіне аса назар салуымыз керек», – дейді психолог-маман Ұлмекен Сапарова.

Мамандардың айтуынша, бұл орайда жастардың уақытын тиімді өткізетін, тұлға ретінде дамуына және өзін белгілі бір әлеуметтік ортаның мүшесі сезінуіне мүмкіндік беретін орындар керек. Qalam ұсынған зерттеуде мұндай орындардың әртүрлігіне 35,7% респонденттің көңілі толған, олардың жартысынан көбі елімізде жастардың пайдалы уақыт өткізуіне жағдай жасалмағанын айтты. Сәйкесінше, сауалнамаға қатысқан жастардың 40%-ы – әлеуметтік желілерге, ал 23%-ы компьютерлік ойындарға тәуелді.

«Бүгінде жастардың көп ісі онлайн бітеді. Оқу, білім алу, жұмыс істеу, жақындарымен сөйлесу, достармен сырласу – бәрі-бәрі телефонға байлаулы. Уақытының көбін түрлі әлеуметтік желі мен мессенджерде өткізеді, жүзбе-жүз қарым-қатынас құруға аса зер салмайды. Қуанышын да, қайғысын да, құпиясын да оп-оңай желі арқылы баршаға жариялай береді. Я болмаса, әлеуметтік желідегі күнделігіне, ескертпе жазатын қосымшаларға жазады. Сырласы да, мұңдасы да – телефон. Терапияға келетін жастардың көбі «Мені ешкім түсінбейтіндей көрінеді» деп мұң шағады. Өйткені олар ешкіммен көп араласпайды. Жүзбе-жүз сөйлесу, қол алысу, жақындарыңмен құшақтасу сияқты қарапайым қарым-қатынас біздегі пайдалы гормондардың бөлінуіне ықпал етеді. Оның үстіне, адам қоғам ішінде тұлға ретінде дамиды, тәжірибе алмасады. Өзіне керегін табады және өзгеге қажет екенін сезінеді. Шектен тыс оқшаулану – күйзеліске жетелейді. Бүгінде интроверт өмір, өз-өзіңмен бақытты болу сынды ұғымдар кең насихатталды. Әрине, кей аласапыран уақытта оңаша қалу адамның психоэмоциялық жай-күйінің тұрақталуына жақсы көмектеседі. Бірақ күнделікті өмірде адамға, әсіресе жастарға отбасы мен жұмысынан бөлек орта керек», – деп атап өтті Ұлмекен Сапарова.

> ***Дамыған елдердің зерттеулері көрсетіп отырғандай, жастардың ұйқысыздық, апатия, сенімсіздік, қорқыныш және басқа да жағдайларға жиі душар болуының салдары ішімдікке, есірткіге, түрлі ойынға тәуелділікке, антиәлеуметтік мінез-құлыққа әкеледі.***

«ҮШІНШІ ОРТА» ҚАЙДА БАР?

Аристотель «адамды әлеуметтік жануар» деп санады және адамның тұлға ретінде дамуын оның қоғамдағы орнымен, өзгелермен қарым-қатынас орнатуымен тығыз байланыстырды. Бұл орайда әлеуметтанушылар қолдап келген маңызды бір концепция – «үшінші орта» туралы пандемиядан кейін қайта айта бастадық. COVID-19 пандемиясы кезінде енгізілген карантин қарым-қатынастың бөлек тәртібін орнатты – бүкіл әлем болып жеке-жеке оқшауланып, онлайн кездесулерге ауыстық. Мұндай форматқа үйренгеніміз соншалық, қашықтан оқу, жұмыс істеу, түрлі шара өткізу қалыпты құбылысқа айналды. Оқшаулану қолтықтасып, қосақтасып жүретіндердің де қатарын азайтты. Адамдар жалғыз өмір сүруге, өз-өзімен тамақтануға, жалғыз кино мен театрға баруға, саяхаттауға әбден бейімделді. Оның үстіне, әлеуметтік желілер де әлеуметтен алшақтауға сеп болып отыр. Әйтсе де, бес жылдан бері тұрмысымызға дендеп ене бастаған онлайн өмір қанша жерден ыңғайлы әрі тиімді болса да жүзбе-жүз дидарласуды, жұптасып өмір сүруді алмастыра алмайтынын мамандар айтып жүр. Осы орайда қандай да бір қауымға тән болу сезіміне себеп болатын бірден-бір орта – «үшінші орта».

«Үшінші орта» терминін американдық әлеуметтанушы Рей Олденбург ұсынып, қолданысқа енгізді. Ғалым 1989 жылы бестселлер болған The Great Good Place авторлық еңбегінде бұл терминнің мән-маңызын жан-жақты талдап, түсіндіреді. Қысқаша айтқанда, адамның үш ортасы болуға тиіс: алғашқысы – үйі, отбасы, кейінгісі – жұмыс орны және үшіншісі – қоғамдық кеңістігі. Соңғысын Рэй Олденбург: «Үшінші ортаға» адамзат тарихында біздің өзара жақындасуымызға, белгілі бір қоғам қалыптастыруымызға ықпал еткен және сондай әлеуеті бар барлық қоғамдық кеңістік жатады» деп тәпсірлейді. Яғни, кітапхана мен сән салондарынан бастап кофеханалар мен антикафелер сияқты кез келген әлеуметтік жағдайдағы адамдардың бейресми диалог құруға мүмкіндік беретін орындар (көшелер, саябақтар, базарлар маңызды қоғамдық кеңістік болғанымен, бұл сипатқа сәйкеспейді) Рей ұсынған терминге ие.

Рей Олденбург ұсынған «үшінші ортаға» арналған орындардың бірнеше маңызды элементі бар: алдымен әңгіме-дүкен құруға жайлы болуы керек. Одан соң әртүрлі ыстық және суық сусындарға ерекше мән берілуі тиіс. Және ең маңыздысы – өзін белгілі бір қоғамның мүшесі сезінуге мүмкіндік сыйлайтын атмосфера жасау шарт. Әлемде «үшінші орта» концепциясын ұстанатын көптеген орынның сипаты ұсынатын сусындарымен тығыз байланысты болған. Немістердің «сыра бақшасы» (biergä rten), ағылшындардың «джин сарайы» (gin palaces), басқа да шайхана, сырахана, шарапхана, кофехана және тағы тағыларын мысалға айтуға болады. Көптеген мемлекеттегі осындай тамақтанатын орындардың аты әдетте «кофе» сөзінен бастау алатыны да қызық бір дәлел: чехте – kavama, немісте – kaffeeklatsch, ал французда café деп аталады.

КОФЕХАНАЛАР – ДЕМОКРАТИЯ ЖАРШЫСЫ

Таяу Шығыста пайда болған кофеханалар XVII ғасырда Англияда «үшінші ортаға» айналды. О баста Еуропада бұл қою сусын тіптен қауіпті саналған, өйткені кофеханалар саяси дебатшылардың сүйікті орны болды. 1650 жылы Джейкоб есімді еврей Оксфордта алғаш кофехана ашады. Бұл мекеме тез танылып, студенттер, академиктер мен қоғамның әртүрлі тобының өкілдерін қызықтырды әрі ғылыми, қоғамдық және саяси мәселелерді талқылау орталығы болды. Бастапқыда Англияда кофейнялар «пенни (пұл) төлейтін университеттер» деп жиі аталған. Өйткені ол уақытта кофеханаға кіру ақысы – бір пенни тұрған, онда тұтынушы тек сусын ішіп қана қоймай, ондағы түрлі әдеби, танымдық, интеллектуалды, әлеуметтік, саяси пікірталастарға қатысқан, дәрістер тыңдай алған. Мұнда газеттер тегін таратылған. Әлеуметтанушылар XVII ғасырдағы кофеханалар күнделікті газеттердің пайда болуына ықпал етті және қоғамның іскерлік, мәдени және саяси өмірінің нағыз орталығы болды деп санайды. Көп ұзамай Кембридж бен Лондонда осыған ұқсас орындар пайда болды.

1675 жылы ағылшын патшасы II Карл кофеханалар жұмысына тыйым салғанда бұл қоғамның наразылығын тудырғаны соншалық, патша он күнге жетер-жетпестен жарлығын өзгерткен. Сол заманның әлеуметтанушылары алғашқы кофеханаларға демократияның жаршысы деп баға берген, өйткені онда сөз еркіндігі мен теңдік болған.

Ұлыбританияның көптеген ірі сауда компаниясының алғашқы штаб-пәтері кофейняларда орналасты. Лондондағы брокерлер жүз жылдан астам уақыт бойы кофеханада жиналып, жұмысын бастады. Мәселен, әйгілі Lloyd's of London сақтандыру қоры Эдвард Лойдтың кофе үйінен бастау алады. Бұл мысалдар көрсеткендей, кезінде кофехана – адамдардың жақындасуына және түрлі бағытта тиімді қарым-қатынас жасауына жайлы әрі жағымды алаң болды. Тарихта «үшінші ортаға» айналған тек кофеханалар емес, әртүрлі заманда әлемде шайхана, сырахана, шарапханалар да белгілі бір қауымдастықтар бас қосатын орын саналып, уақытында өте танымал саяси, әлеуметтік, мәдени ортаға айналды.

Бүгінде де бестің шайын ішетін бірнеше форматтағы шайхана, кофейнялар бар. Десе де, Рей ұсынған «үшінші орта» концепциясына сай келетіндері некен-саяқ. Әйгілі саяхатшы Т.Макалум Венаға сапары кезінде ондағы кофейняларды «баршаға арналған орын, ғашықтар мекені, талғамы мен қызығушылығы ортақ адамдарға арналған клуб, іскер азаматтар үшін кеңсе, арманшыл һәм қиялилардың шабыт алатын ортасы және жалғыздардың жылы баспанасы» деп сипаттаған. Бірқатар Еуропа елінде тамақтанудан бөлек мақсатты ұстанатын, Макалум жазған сипатқа ие орындар күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді.

P.S.

90-жылдардың басында «үшінші орта» саналып келген мекемелердің басым бөлігі қоғамдық тамақтану желілеріне айналды. Оның үстіне, заманауи, мобильді технологиялар, қала берді, 2019 жылдан бергі пандемия кәсіп жүргізудің тіптен бөлек үлгісін талап етті де, мұндай орындар тәтті тағам ұсыну, жеткізу қызметін дамыту, қашықтан қызмет көрсетудің маңызын арттырды. Алайда соңғы уақытта мамандар «үшінші орта» концепциясын қайта жаңғыртуды ұсынып келеді.

МЕЙІРІМ БАР ЖЕРДЕ АДАМГЕРШІЛІК БАР

Тектілердің ізі қалған Түркістан – еліміздегі халық саны қарқынды өсіп жатқан аймақ саналатыны белгілі. Өңірдегі екі милионнан астам тұрғынның тең жартысын әйелдер құрайды. Әрбір алтыншы қазақстандық дүниеге келетін өңірдің ардақты аналары, белсенді қыз-келіншектері осы аймақта мәңгілік дамыл тапқан Домалақ ананың рухымен қанаттанып, ар-ұят пен адалдықты өмірдің шырағына айналдырған. Осы орайда, біз оңтүстіктің өжет қызы, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Парасат» орденінің иегері, Түркістан облысының құрметті азаматы, «AMANAT» партиясы облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, осы партияның өңірлік Әйелдер қанатының жетекшісі Қалыйма Жантөреқызымен сыр-сұхбат жүргізген едік.

– Қалыйма Жантөреқызы, естуімізше, партияға келмес бұрын жеке бизнесіңіз болған. Бизнесіңізді жоғалтқаныңызға өкінбейсіз бе? Партияға қалай келдіңіз? Жалпы, партиядан не ұттыңыз?

– Мен біріншіден, осында мұңын айтып келген елге, халыққа жәрдемдесіп келемін. Бизнес менің тез ойлау қабілетімді арттырды, ал партияға келсек, мәселе ауқымды: өзіннің күн көріп жан бағуын, өркендеп бақуатты болуыңды, жалғыз басыңды ғана емес, бүкіл айналаңды ойлайсың. Бизнес-бәсекелестіктегі сәтті қадамдар партияда пайдасын тигізгенін жасырмаймын. Партия менің ең алдымен танымалдығымды арттырды. Қазір билік пен халықтың арасында байланыс орнатып, талай жанның, елді мекендердің түйінді мәселелерінің шешілуіне ықпал етіп дәнекер болып келемін, депутаттығымның жөні бір төбе. Алдыма келген жандардың басынан өткен оқиғалары, әлемдегі түрлі көзқарас, сан қилы оқиғалар, әртүрлі ой мені бірден шешім шығаруға, қалам ұстауға жетелейді. Партияға келмегенімде мықты кәсіпкер болар ма едім, кім білсін?!

– Жалпы, ана мен бала, қыз-келіншектер мәселесіне бей-жай қарамайтыныңызды білеміз...

– Иә, шамам келгенше ана мен бала мәселесін қозғаймын. Әйелдер қанатының Түркістан облысы бойынша кеңесшісімін, 10 бағыт бойынша қоғамдағы әйел мәселелеріне әсер етуді көздейміз. Өзімнің қоғамдағы кейбір мәселелерге үн қататын жазусызуыммен де керекпін деп ойлаймын. Партияға алғаш келген жылдары 585 баланы тегін медициналық тексеруден өткізгенмін. Мықты жоба болған еді. Қыздардың тағдырына осыдан кейін ойыстым. Неге қыздар ерте жүкті болып қалады, неге олар алданады? Неге балалар тастанды? Балалар үйіндегі 2-3 жасқа толмаған құлағы керең, көзі көрмей қалған балаларды көп көрдім. Мұның көбісі қыздар жүкті болып қалған соң, оны түсіріп тастаймын деп дәрі ішкеннен болады екен. Жалпы, тағдыры осындайға тап болған қыздардың бәрі бірдей жаман емес, ол туралы зерттедім де. Қоғамның бұл проблемасы – өзекті мәселе.

– Ұмытпасақ, «Қошқаратадағы қыз» атты болған оқиғаға негізделген әңгімеңіз осындай жағдайға тап болған қыздың тағдырына құрылған емес пе еді?

– Иә, «Қошқаратадағы қыз» әңгімесі көпшіліктің көңілінен шыққан туынды болды. Бұл туындыда Шымкент қаласындағы Қошқарата өзенінің бойында өмірден кеткісі келген қызды аман алып қалғаным, оның тағдырына араласып, бұл ойына себепкер жанды тауып, олардың қайта қосылуына жәрдемші болғаным баяндалады. Сол қызбен әлі күнге дейін араласатыным, отбасылық дос болып кеткеніміз жақсы суреттелген. Шым-шытырық оқиғаға негізделген туынды алданып қалған қыздың өмірі жайында.

– Соңғы екі шақырылымда да депутат болдыңыз. Депутат болып жүріп тағы нендей мәселені шешуге ықпал еттіңіз?

– Депутат халықтың мұңын билікке жеткізуші, шешуге атсалысушы. Саяси реформалардың арқасында, әйелдерге квота берілді. VII шақырылымда 35 депутаттық сауалымның 31-і шешіліпті. VIII шақырылымда бір жыл көлемінде 21 депутаттық сауал жолдаппын. 70 пайызы шешілсе қалғаны қаралу үстінде. Азаматтардың өтініші орындалып, алғыстарын өз ауыздарынан естіген кезінде төбең көкке жеткендей сезінесің. Облыстық мәслихатқа Кентау қаласы бойынша түстім. Ыбырай Алтынсарин көшесіндегі №11 үйдің тұрғындары аталған үйдің апатты жағдайда тұрғанын, осы мәселені реттеуге ықпал етуімді сұрады. Іргесі қирауға шақ қалған бес қабатты тұрғын үйдің іргетасын бекемдеп, сейсмикалық тұрғыда күшейтуге және күрделі жөндеуден өткізуге депутаттық сауал жолдадым, жетпіс отбасыны алаң күйге салған мәселе облыстық мәслихат сессиясында қаралып 108 млн теңге бөлінді. Уәде бердім, орындалды, тұрғындар алғысын жаудырып жатыр. Кентаудан сайланған депутат ретінде қаладағы ең күрделі мәселе – №5 жылу энергия орталығының қалыпты қызметін қадағалауда ұстап келемін. Жылу беру орталығын модернизациялау бойынша 2022 жылы облыс бюджетінен 793 млн теңге қосымша 498 млн теңге бөлінуіне ұйытқы болдым. Қазір бұл нысан «AMANAT» партиясының бақылауына алынып, кешенді модернизациялауға республикалық бюджеттен 14 млрд теңге бағытталды. Сауран ауданы Оранғай елді мекенінде психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларға арналған 50 орындық медициналық-әлеуметтік нысанның құрылысын жүргізу бойынша депутаттық сауалым қолдау тауып, құрылысы бітуге таяу. Өзекті мәселе партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының іс-шаралар тізбегіне енгізіліп, «AMANAT» партиясының бақылауына алынды. Қамкөңіл аналардың арманын орындауға осылайша маңызды қадам жасалды. Ұлттық тәрбиенің мәйегі Ясауи тәрбиесін балалардың бойына сіңдіру мақсатындағы депутаттық сауалым қолдау тауып, «Бала Ахмет» анимациялық фильмі түсірілді.

– Ел ішіндегі осынау ауқымды істерді ер азаматтармен иық тіресе атқарып жүрсіз. Ойыңызда үнемі тұратын, жан дүниеңізді мазалайтын мәселе бар ма? Жалпы, өмірден не іздейсіз?

– Мейірім бар жерде адамгершілік бар, адамгершілік бар жерде әділет бар, өйткені адамгершіліктен ештеңе асып кете алмайды. Қазір ұлт тәрбиесі ең өзекті болып тұр. Тіл білген жақсы, бірақ өз тіліңді құрметте деген тағы бар. Рухани жаңғыру бізде еңсесін көтеріп ашыла қоймады, мағынасы терең еді, өкінішке қарай, киелі жерлерді ғана түгендеуге басты назар аударылып кетті, оның діңгегі сапалы намысты ұлтты қалыптастыру еді. Түркістан қаласына рухани астана атағын беріп жатыр. Мұнда енді тек Ясауиды ғана емес, басқа ұлыларымызды да осы жерге топтастыру керек. Қалай дейсіз? Алаш ардақтыларының топырағын әкеліп, пантеон жасасақ, өте керемет жұмыс болар еді, оған сүйекті сүйрелеудің қажеті жоқ. Тарихта ұлты, елі үшін жанқиярлық танытқандар көп қой. Мұстафа Шоқайды алайық, кешегі Алаш арыстары сынды мықтыларымыз көп. Түркияда болғанда пантеонды көрдім. Атилла деп сырттан келгендерге мықтыларын көрсетіп отыр. Сол сияқты Алаш ардақтыларынан бастап қазақтың көрнектілерін пантеонда дүйім сырттан келушілерге таныта алсақ, ұлт алдындағы жасаған еңбегіміз болатыны сөзсіз. Әрине, ол күні кеше қайтыс болғандарға емес, тарихи тұлғаларға арналуы тиіс. Сонда туристер ағылар еді.

– Бүгінде зейнет жасындасыз. Арагідік «жастарға орын бермей ме» деген сөздер тікелей өзіңізге бағытталмаса да зейнеткерлерге қатысты айтылып жатады. Бұған не айтар едіңіз?

– Партия мемлекеттік қызмет органына жатпайды. Ол саяси-қоғамдық ұйым. Яғни, ұйымда жас ерекшелігі бойынша шектеу қойылмайды. Қоғамда беделі бар, тәжірибесі толымды, халықтың сұранысына сай қызмет ете білетін азаматтар әрдайым партияның бетке ұстар азаматтары болып табыла бермек. Шетелдерде жасы үлкен сенаторлар баршылық. Орта жас пен үлкен кісілердің идеясы толығып, бірге жұмыс істеген дұрыс деп ойлаймын. Ақыл тоқтатқан, елге танымал, сөзі өтетін адамдардың да идеясы керек болады. Қаңтар оқиғасы кезінде екі кештің ортасында Кентау қаласындағы алаңға шыққан жастардың алдына барып, оларға басу айтқан жалғыз депутат болдым. Ол кезде мен жоғарыдан рұқсат та алмадым. Бұл менің азаматтық ұстанымым. Ертесіне үйді-үйлеріне барып, түсіндірме жұмыстарын жасадым. Жалпы, барлық іс-әрекеттер ел үшін, ұлтты біріктіру үшін болуы керек.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Ажар ӘЖІБЕК

AIQYN – 20

Жаңа жылдың алды... 2004 жылдың 19 желтоқсаны жадымнан өшпейді. Дәл осы күні мен «Қазақ үні» газетінде бас редактордың орынбасары болып жұмыс істеп жүріп, аяқ астынан «Айқын» газетіне баруға шешім қабылдадым. Неге?

«АЙҚЫНДА» АЙРЫҚША ЖЫЛДАРЫМ ӨТТІ

Біріншіден, ол кезде журналистикада медианарық деген термин айтыла қоймаған кез. Ал «Айқын» Қазақстан медианарығына ерекше тың, соны леппен келді. Жарыққа шыққанына 7-8 ай болмай жатып, оқырманның ғана емес, журналистикада жүрген қаламгерлердің де назарын аудара бастады. Газеттің шапкасындағы «Жаңалықты бірінші біліңіз» деген айдардың өзі-ақ көп нәрсені аңғартып тұрды. Екіншіден, «Жас Алаш» газетін Нұртөре Жүсіп басқарған уақытта бірге жұмыс істеген бір топ журналистер «Айқыннын» да абыройын асырып жатты. Неге тағы бірге жұмыс істеп көрмеске?! Сөйтіп, Әділбек Қаба, Айгүл Аханбайқызы, Роза Қараева, Гүлнар Жұмабайқызы, тағы басқа журналистердің қатарына қосылып, іске құмбыл кірісіп кеттік. Газеттің бас редакторы Серік Жанболат мені саясат бөлімінің тілшісі етіп қабылдады. 20 күннен кейін Жаңа жыл өткен соң, 15 қаңтарда саясат бөлімінің редакторы ретінде «Литер» ЖШС бас директоры Ерлан Бекхожиннің бұйрығы шықты. Осылай «Айқын» газетіндегі қым-қуыт тіршілігім басталып кетті. Дәл сол кезде мен әлі де «Айқында» 15 жыл жұмыс істейтінімді, он жылға жуық басылымның бас редакторының орынбасары қызметінде болатынымды білген де, сезген де жоқпын.

Әңгіме қызметте емес, жалпы журналистикадағы жолыма ризашылығым шексіз. Бірақ мен үшін «Айқын» газетіндегі жылдарым айрықша есте қалды. 2007 жылдың мамыр айында газеттің бас редакторы болып Бауыржан Омарұлы тағайындалды. Мамыр айының соңында мені бас редактордың орынбасары етті. Бір жылдан соң, 2008 жылғы 8 ақпанында Баукең Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы қызметіне ауысты. Орнына бас редактор болып Нұртөре Жүсіп келді. Өмірде, жалпы журналистиканың жолында маған осындай жақсы адамдар жолықты.

«Айқын» несімен елдің назарын өзіне аударды? Газеттің алғашқы бас редакторы Серік Жанболат пен орынбасары Әділбек Қабаның еңбегін ешқашан жоққа шығаруға болмайды. Сол жылдардағы басылымның бетін парақтасаңыз, журналистер ең өзекті мәселелерді көтерді. Ешқандай мерейтойлық, арнайы тапсырыспен жазылатын мақтау, одақтау мақалалары жарияланған жоқ. Тек қана белгілі мамандар сөз алып, көкейкесті мәселелерді сөз етті. Талқылады, ойларын ортаға салды.

Газеттің 3-бетіндегі «Ақ сөйле!» айдарын әлі оқырман ұмыта қоймаған болар. Мұнда әр саладағы мамандармен сұхбат тұрақты түрде жарияланып тұрды. Ал басылымның 1-бетіндегі үш маманға қойылатын сауалнама күннің ең өзекті тақырыбын сөз етті. Дәл осы сауалды тақырып етіп шығарудың өзі оңай емес-ті. Оған мамандардың өзі қинала жауап беретін. Бірақ бұл газеттегі ең оқылымды айдарлардың бірі болғанын ұмытқанымыз жоқ.

Бауыржан Омарұлының бас редакторлығы кезінде газеттің екінші тынысы ашылды. Жаңадан айдарлар пайда болды, тың авторлар шоғыры қалыптасты. Бір нәрсені айта кету керек, Бауыржан Омарұлының басшылығы кезінде газет журналистерінің 60-70 пайызы шетелдік сапарларға шықты. Газет зиялы қауымның мінберіне айналды. Журналистерде жаңа ізденіс пайда болды.

Ал Нұртөре Жүсіптің бас редакторлығы тұсында газеттің абыройы асты. Басылымға жаңадан жастар келді. Олар газетке соны леп әкелді. «Айқынның» бейсенбі күні шығатын 32 беттік етжеңді номерін оқырман асыға күтті. Тіпті, осы 32 беттік «толстушканың» бірер жыл шықпай қалған кезі де болды. Нұртөре Жүсіп бас редактор ретінде оның қайта шығуына биліктегілердің көзін жеткізді. Қазір ойлап қарасам, менің де бүкіл тыныс-тіршілігім мен қуат-күшім «Айқынның» қалыптасу жолында өтіпті. Газет аптасына бес рет шығады. Түнгі он-он бір, кейде сағат екі-үшке дейін жүретін кездер болады. Қазір таң қаламын, бірақ таңғы сегіз-тоғызда жұмыста отырасың. Мұның бәрі қалыпты жағдайға айналып кеткесін жұмыстың ауыртпалығын да сезбеппіз ғой. Тақырып табу, журналистерге күнделікті ұсыну, осының бәрінде де журналистикаға адалдық пен мамандыққа деген құрмет жатыр-ау.

Ашығын айтайын, ақпарат беруде қазір үздікке айналған Aikyn.kz сайтының шеф-редакторы болып, оның бастауында тұрып, қалыптасуына да шамамыз келгенше үлесімізді қостық. Мұның барлығы да бас редакторлардың маған артқан сенімі болар. Ол азаматтарға рахметтен басқа айтарым жоқ.

Рас, «Айқында» жүрген жылдарымды құрметпен еске аламын. Өтіп бара жатқан уақыт. «Айқынның» да жарыққа шыққанына 20 жыл толыпты. Қазіргі «Айқынның» журналистері кәсібилікті меңгерген, сан салалы тақырыпты, өзекті мәселелерді көтерген, медианарықта өз жолы, бағыты бар, қалыптасқан басылымға айналды.

Мерейтойларың құтты болсын, айқындықтар!

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ,
«Ана тілі» газеті бас редакторының орынбасары

Мәдіғали ҚАРСЫБЕКОВ, *ардагер бапкер:*

ОТАНДЫҚ ФЕДЕРАЦИЯЛАР БЮДЖЕТ АҚШАСЫНА АРҚА СҮЙЕМЕСІН

Шорт-тректен Қазақстан командасын ұзақ жылдар бойы жаттықтырған Мәдіғали Қарсыбеков бүгінде зейнет демалысында. Осыдан бірер жыл бұрын елімізге танымал бапкердің мұз айдынынан жырақтап, өз уақытын отбасына арнағысы келетіні айтылған болатын. Алайда отандық шорт-тректің бастауында тұрған ақсақал өзінің үлкен спорттан еріксіз шеттетілгенін айтып, дабыл қақты. Әсіресе, ардагер бапкерді отандық федерация жұмысының нәтиже бермеуі, қаржылық тұрғыдан тым жабық болуы және спортқа қатысы жоқ адамдардың басқарушылық қызметте жүргені алаңдатуда.

«Қазір еліміздегі спорт мәселесін Президенттің өзі назарға алды. Әсіресе, Қазақстанның Ханчжоудағы жазғы Азия ойындарында сәтсіз өнер көрсеткені бәрінің арқасына аяздай батқаны рас. Бүгінде Президент спортқа бөлінген бюджет қаражатын тексеруді тапсыруда. Бұл – өте дұрыс қадам. Өмірімнің елу жылға жуық уақытын спортқа арнаған соң, бұл саланы бес саусақтай білемін десем, артық емес. Оның үстіне шорт-трек сынды қазаққа бейтаныс спорт түрін дамытып, қазақ балаларын олимпиада ойындарында бақ сынайтын деңгейге жеткіздім. Сондықтан қазақ спортының мәселесі мені де айналып өтпейді. Әсіресе, Ұлттық спорт федерацияларындағы жұмыс ашық жүргізілмейтіні жанымa батады», – дейді Қарсыбеков.

Білікті бапкер спортты дамыту үшін әлемдік спорт ұйымдарымен байланысты нығайту керегін жеткізді. Ол үшін ұлттық федерациялардың жұмысын тиімді әрі ашық қылу қажет.

«Әлемдік спортты Халықаралық олимпиада комитеті басқарады. Ал мен жетік білетін шорт-трек әлемдік конькимен жүгірушілер одағымен тығыз байланыста. Спорттағы нәтижесі жоғары елдің әлемдегі абыройы да арта түседі. Оның үстіне спорттың үлкен саясат екенін де ұмытпау керек. Көпшілік ойлағандай, халықаралық федерациялар мемлекеттік ұйымдармен немесе министрліктермен жұмыс істемейді. Олар тікелей ұлттық федерациялармен бірлесе қызмет атқарады. Батыс елдерінде спорттық федерациялар дамытады да, негізінен демеушілер мен жарнама есебімен қаржыландырылады. Өйткені ол жақта орта және ірі бизнес жақсы дамығандықтан, бұл жүйе жақсы жұмыс істейді. Ал Қазақстан мен бұрынғы кеңестік елдерде спорт пен денешынықтыру саласын мемлекеттік құрылымдарға – министрліктер, облыстық және қалалық спорт басқармаларына іліп қойған. Спорт саласында жұмыс істеп жүргендер бюджеттің, яғни халықтың ақшасына жауапты болуымыз керек. Мұны өзімнің спортшыларыма да жиі айтатынмын. Мәселен, американдық шорт-трекшілер федерациядан айына 850 доллар көлемінде жалақы алады. Мұндай қаражатқа АҚШ-та өмір сүру мүмкін емес. Одан бөлек, спортшылар қосымша жұмыс істеп, күніне екі рет жаттығу жасап үлгереді. Ал жаттығу ақысын ата-аналары мойнына алған. Ал Қазақстанға келер болсақ, бізде федерациялар көп. Федерацияның келісімінсіз министрлік бұйрықтарға қол қоймайды. Тиісінше бұл маңызды жарыс алдындағы дайындықты да тежейді», – дейді ол.

Мәдіғали Қарсыбековтің бапкерлік жұмыс өтілі 47 жылға жеткен (7 жыл конькимен жүгіруден, 40 жыл шорт-тректен жаттықтырушы). Осы аралықта 6 рет федерация өзгеріп, 9 рет президент ауысыпты.

«Мен бапкерлік қызметте жүргенде қанша рет федерация ауысты, басшылар ауысты. Олардың арасынан тек Алмаз Шабановтың еңбегіне бас иесің. Ол кәсіпкер болатын, өз ақшасын спортты дамытуға жұмсады. Маусым аяқталысымен бас бапкерлерді, аймақтардағы аға жаттықтырушыларды жинап, есеп беретін. Федерацияға түскен ақша мен оның қайда жұмсалғанын жасырмай айтатын. Мәселен, оқужаттығу жиындары мен спортшылардың іссапары, қажетті мүкәммалды сатып алу дегендей. Тіпті, бізге керекті конькиді қандай фирмадан алғанын да жасырмады. Бірақ ол кісі басшылықта көп отырған жоқ. Ал кейін федерациялар бір-екі адамның қолындағы жеке компанияларға айналды десем, өтірік емес. Қаржы жағын үнемі құпия ұстайды, құрылтайшы ретінде өздеріне жақын адамды қояды. Осылайша, бапкерлермен кеңеспей, спортқа қатысы жоқ адамдармен бірге федерация құрады да, министрліктен аккредитация алады. Әрі қарай заңды түрде басқара береді. 2021 жылы біз спорттың жарқын болашағына қатысты айтылған әңгімелерден әбден шаршап, үш бас бапкер федерацияны қайта құруды және ашықтықты талап еттік. Конькимен жүгіруден бас бапкер Дмитрий Бабенко, мәнерлеп сырғанаудан бас бапкер Оксана Тен және мен сол кездегі президент Андрей Линикке осындай талап қойған едік. Ол уәде бергенімен, бұл қызметке тұрақтамады. Міне, сол 2021 жылдан бері федерацияда екі рет басшы ауысты. Бұл да ақылға қонбайтын жағдай», – деді тәжірибелі жаттықтырушы.

Ардагер бапкердің айтуынша, мемлекеттік органдар федерация секілді қоғамдық ұйымдарды қаржылық тұрғыдан бақылай алмайды. Бұған заңмен тосқауыл қойылған.

«Қазақстандық федерациялар әлемдік ұйымдармен тікелей байланыста және халықаралық жарыстарға қатысар кезде шетелдік валютамен есептеседі. Ал шын мәнінде олар өз саясатын министрлікке, бюджет ақшасына таңуға тырысады. Бір қызығы, спортта жүрген осынша уақыт ішінде бюджет есебінен жарысқа барып, еш нәтиже көрсетпегені үшін қызметінен қуылған федерация өкілдерін көрмеппін. Ал бас бапкерді алып тастауға бәрі дайын тұрады. Енді не істемек керек? Әрине, федерацияның қызметін тоқтату мүмкін емес. Ендеше, олардың жұмысында нәтиже болуы үшін команданың мықты бапкерлерден құралғаны дұрыс. Сондай-ақ федерация жабық ұйымға айналмауы үшін бюджеті де, басқа жұмысы да ашық көрсетілуі тиіс», – дейді Қарсыбеков.

Мәдіғали Қарсыбековтің шәкірттері әлем кубогі, әлем чемпионаттары мен олимпиада ойындарында үздік нәтиже көрсетіп жүр. 2014 жылғы Сочи олимпиадасында Қазақстан командасы эстафетада бесінші орын алса, 2022 жылғы Бейжің олимпиадасында Абзал Әжіғалиев қолаға қол созым жерден тоқтап, төртінші орынға табан тіреген болатын.

Арда КЕМЕЛ

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ 100 % (жүз пайыз) жай акцияларын сату бойынша **2024 жылы 12 наурызда (Астана уақыты) сағат 10:00-де** Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.e-qazyna.kz веб-порталында басталатын электрондық конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сату компанияның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 15 қазандағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерін сату, қайта құрылымдау ережесіне (бұдан әрі – ереже) және «Ақпараттық-тіркеу орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы № 66 хаттама) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электронды сауда-саттықты жүргізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Электрондық конкурсқа шығарылады:

Активтің атауы: «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ 100 % (жүз пайыз) жай акциялары (бұдан әрі – Актив).

Активтің меншік иесі: «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

Активтің қызмет түрі: гидравлика бұйымдарын өндіру, арнайы бұйымдарды жаңғырту және қалпына келтіру жөндеу, арнайы бұйымдарға арналған қосалқы бөлшектер, жану автоматикасы бұйымдары, ТЖ бұйымдары, ҚМ өнімдері, тау-кен өндіру секторы.

Активтің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Мақатаева көшесі, 127 үй.

Активтің бастапқы бағасы: 6 144 491 882 (алты миллиард жүз қырық төрт миллион төрт жүз тоқсан бір мың сегіз жүз сексен екі) теңге.

Активті сатудың ерекше шарттары:

1) «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ қызметінің бейінін (мамандануын) сақтау;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ қызметкерлерінің штат санының кемінде үштен екі бөлігінің сақталуын қамтамасыз ету;

3) «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ-та жұмыс орындарын сақтау немесе жаңаларын құру;

4) «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ-тың жалақысы мен салықтары бойынша берешегін өтеу;

5) «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ-тың «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ алдында қарыздарды, қарыздар бойынша сыйақыны, айыппұлды (өсімпұл, тұрақсыздық айыбы), дивидендтерді және өзге де берешектерді төлеу бойынша активті сатып алу-сату шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 24 (жиырма төрт) ай ішінде кредиторлық берешегін өтеу. Бұл ретте, «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ-тың «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ алдындағы кредиторлық берешегін өтеу сомасының пайыздық мөлшері және Активтің құнын төлеу сомасының пайыздық мөлшері тең болуы тиіс;

6) сатып алушыға меншік құқығы өткеннен кейін күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде мәмілелер жасауды (қайта сату, кепілге, басқаруға беруге және тағы басқа) шектеу және (немесе) Активке қатысты белгілі бір іс-әрекеттерге тыйым салу;

7) Компания бекіткен нысан бойынша Активті сатып алу-сату шартына қол қою.

Активті сатып алу-сату шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 24 (жиырма төрт) ай ішінде бөліп төлеуге жол беріледі. Бастапқы жарнаның мөлшері Активті сатып алу-сату шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде төленетін сатып алу бағасының 30 %-нан (отыз пайызынан) кем емес. Одан кейінгі сомаларды енгізу кезінде, әлі енгізілмеген сомаларға сатушы (Компания) пайыздарды нақты төлем күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық ставкасын негізге ала отырып есептейді.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілім веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап жүріледі және сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын талаптармен Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.e-qazyna.kz веб-порталында таныса аласыз.

Актив туралы қосымша ақпаратпен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (Сатушы) атына мына электрондық мекенжайларға ресми сұрау салу арқылы танысуға болады: ke@ke.kz, dkr@ke.kz. Сұрау салу электрондық конкурстың өтінімдерін қабылдау мерзімі кезеңінде қабылданады. Ақпарат құпиялылық туралы келісімге қол қою шартымен беріледі.

110 760 000 (жүз он миллион сегіз жүз алпыс мың) теңге мөлшерінде кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ есепшотына енгізіледі: **БСН: 050540004455, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, ЖСК: KZ946017111000000330; БСК: HSBKKZKX.** Төлем мақсаты: **электрондық конкурсқа қатысу үшін арналған кепілдік жарна** (кепілдік жарна мөлшеріне банктік қызметтерді төлеу кірмейді). Банк кепілдігі кепілдік ретінде қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ шотына уақтылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдаудың аяқталуына дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Электрондық конкурста жеңіске жеткен қатысушы сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттама – электрондық конкурс нәтижелерін және жеңімпаздың және сатушының Активі сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қоюы бойынша міндеттемелерін орындауды белгілейтін құжат.

Электрондық конкурсты өткізу тәртібі, электрондық конкурсқа қатысуды ресімдеу тәртібі, жеңімпазды айқындау шарттары туралы ережелермен көпшілікке қолжетімді «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-тың www. e-qazyna.kz сайтындағы Регламентте танысуға болады.

Сауда-саттық туралы толық ақпаратты www.e-qazyna.kz сайтынан немесе +7 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) және +7 (7172) 72 52 52 (ішкі 1957, 1610) («Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) телефондары арқылы алуға болады.

«Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек алға қарауымыз керек. Жалпы, ұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс... Еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз», – деген болатын Мемлекет басшысы Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында.

Кітапхана – КЕЛЕШЕКТІҢ ҚАҚПАСЫ

«Озық ойлы ұлт болуымыз керек» деген Президент сөзінде үлкен мән жатыр. Өйткені статистикалық мәліметке сүйенсек, кітап оқудан алдыңғы үштікті құрайтын елдер – дамыған, өркениеті озық Жапония, Швейцария мен Франция елдері болып тұр. Жапония елі жылына 4 миллиард 200 миллион кітап басып шығарады екен, егер оқырман сұранысы болмаса есеп-қисабы түгел, қаржысын босқа шығындамайтын мемлекет мұндай орасан кітап шығармасы анық. Талайғы алапаттарды басынан өткерген жапондар кітап оқуды сақтап қалуы арқасында ғана әлемдік өркениеттің шыңына шықты емес пе? Кітап оқуды доғарсақ, ойлауды да қоямыз деген тәмсіл бар. Осы орайда еліміздегі әлемдік рухани мұраны жинақтап, сан мыңдаған оқырманның ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырып отырған көпшілік кітапхана халықтың сауаттылығын арттыруда, білімін тереңдетуде, рухани сұранысын қанағаттандыруда қосар үлесі қандай деген сұрақ туындауы хақ.

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапхананың былтыр атқарған қызметін сараласақ, кітапхананың рөлі мен кітапханашылардың еңбегінің зор екеніне көзіміз жетеді. Адам есінде жетістік көп сақталмайды. Керісінше қиындықтар, бітпей қалған іс пен қателіктер қалып отырады. Сондықтан да жетістіктерімізді тізбелеп, қорғам алдында есеп беруді жөн санадық.

Кітапхананың басты қағидаты көптеп оқырман тарту, оқуға мүмкіндік жасау. Былтыр кітапханаға елорда тұрғындары, ЖОО студенттері тағы да басқа әлеуметтік топтан 58 304 оқырман тіркеліп, 11 мыңнан аса оқырман жаңадан тіркелген. Тұрақты келушілер саны да 1 209 744-ке жетсе, оларға кітапханашылар сұранысына орай 2 191 213 құжат ұсынған. Бұл көрсеткіштер былтырғы жылмен салыстырғанда едәуір артқанын байқаймыз. Кітапхана оқырмандарын тек ақпаратпен қамтамасыз етіп қана қоймайды, ағартушылық қызметтерін де ұсына біледі. Мәдени орталық ретінде кітапхана мыңнан көлемде ұйымдастырылады. Күні бойы өтетін кітап фестивалінің аясында түрлі шара қатар-қатар өтіп жатады. Бұл шараға елорданың 5 000-нан аса халқы жиналғанының куәсі болдық. Олар кітаппен сусындап, мәдени шараларға атсалысады, баспалар әкелген кітаптармен танысып, сатып алады. Ұлттық академиялық кітапханаға келетін оқырмандардың әлеуметтік жағдайы әртүрлі, әсіресе бала оқырманды тарту, оларды оқу мәдениетіне баулу кітапхананың басты миссиясы. Сондықтан да «Әке мен бала», «Әжемнің ертегілері», «Отбасымен оқимыз», Kazakh club тағы басқа да клуб, үйірме жобалары баланы көркем әдебиетке бейімдеуді мақсаттайды. Көркем әдебиеттің о бастан мақсаты кітап оқуға деген тәуелділікті тудыру және оқырманда эмпатия қалыптастыру емес пе!? Балаға дауыстап оқысаң ғана кітап оқудың дәмін сезіндіресің, «Әжемнің ертегілері» жобасын жүргізіп келе жатқан қазақ радиосының ардагері Күләш Молдахметова апайымыздың өз оқырманы,

аса (1097 шара) мәдени көпшілік шараларды ұйымдастырып, оған 104 511 аудиторияны қатыстырғанын айтпай кетпеске болмайды. Атап өту керек, ұйымдастырылған шаралардың мәні мен мазмұны аудиториясына қарай әр қилы, олардың қатарында жаңадан шыққан кітаптардың таныстырылымы болса, жеке авторлардың шығармашылық кештері, Қазақстанның елшіліктерімен бірлескен халықаралық конференциялар, танымал бологерлер мен әдебиеттанушылардың дәрістері, шеберлік сыныптары, семинар-тренингтері де бар. Кітапханамызда Польша Республикасының елшілігімен бірлесіп, поляк әдебиетінің бұрышын және Португалия елшілігімен бірлесіп, Португалия әдебиетінің бұрышын аштық.

Кітапхана оқуды дәріптеуді мақсат тұтқан жобаларын сәтті жүзеге асырып келеді. Ұлттық академиялық кітапхананың дәстүрге айналдырып өткізіп келе жатқан KitapTime жобасы республикалық балалардың таңдауымен оқылатын ертегілері бар. Kazakh club кітап талқылау клубының спикері белгілі этнограф, мәдениеттанушы Зира Наурызбаева екенін мақтанышпен айта аламыз. «Әке мен бала» клубы әкенің рөлін артыратын, баласының алдында әкенің беделін көтеретін бірден-бір жобаға айналды. Жыл ішінде клуб отырысына танымал кәсіпкер де журналист те қарапайым еңбек адамдары да келіп, кітаптың пайдасын, бала тәрбиесін, оның келешегін сөз етті.

Қазіргі жастардың ой-толғамы, қоғамды сыни көзбен талқылауы, олардың білімінің тереңдігіне, оқу мәдениетінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Кейбірде белгілі ғалымдар қазақ жастары гуманитарияға тым бейім, сөзге құмар, дұрысы технократтық ұлт болуымыз қажет, жастар жаңа технологияны игеруге ұмтылуы қажет дегенді айтады. Бірақ сол Apple, Microsoft, Google компаниялары өкілдерінің тапқыр, идеялық жобалар тудырғыш құпиясын зерттегенде, олардың бала кезінде ғылыми фантастикалық кітап оқуға құмар болғаны анықталды. Кітап оқыған баланың қашанда ойы, қиялы ұшқыр келеді. Тек олардың ойынан шығатын, қызығушылығын тудыратын кітапты жазатын авторларымыз көп болсын, қалғаны кітапханалардың міндеті дер едік. Былтыр кітапханада елеулі жаңалық белгілі математик ғалым Асқар Жұмаділдаевтің идеясымен жарық көрген балаларға, жасөспірімдерге арналған «Әл-Жәбрдің атасы» атты ғылыми-танымдық журналының тұсаукесері өтті. Ғылыми басылымның «Әл-Жәбрдің атасы» деп аталуы алгебраның атасы Мұхаммед әл-Хорезмидің «Әл-Жәбр» деген еңбегімен байланыстырады. Журналдың негізгі мақсаты жасөспірімдердің ғылымға деген құштарлығын оятып, білімге, өркениетке баулу.

Кітапхана оқудың қандай түрі болса да, кітаптан болсын, аудионұсқада не болмаса электронды түрде болса да оқырманға қолжетімділік етудің жолын қарастырады. Ұлттық академиялық кітапхананың басты ерекшелігі қазақстандық құжаттарды цифрлық нұсқада жинақтап отырған Қазақстан Ұлттық электронды кітапхана жобасын жүзеге асырып отырғаны. Бүгінде 74 мыңға тарта қоры бар порталдың 100 елден аса мемлекеттен оқырманы бар. 10 мыңнан аса сирек қорлардың жиынтығын әлем пайдаланушыларына ұсына алады. Сонымен қатар порталда жүктелген кітаптарды 3Д форматында оқуға болады, көзі нашар көретін жандардың оқуына бейімделген тетіктері жасақталған.

Былтыр ҚазҰЭК сайтына 400 мыңға тарта оқырман тіркеліп, 1 540 724 құжатты жүктеп, ақпаратқа қолжеткізген. Ұлттық академиялық кітапхананың басты міндеті еліміздің электронды миы саналатын Қазақстан Ұлттық электронды кітапхана жобасын одан әрі дамыту, әлемге танымалдандыру. Серіктестері саналатын өңірдің көпшілік кітапханаларының өлкелік мұрағаттары мен ЖОО-ның ғылыми еңбектерін жинақтайтын бірегей жиынтық каталог құруды жақын күндері жүзеге асырмақ.

Кітапханалардың сапалы қызмет көрсетуі қорының мазмұндылығына, құндылығына көп байланысты. Өткен жылы қорымызды құнды құжаттармен толықтыру мақсатында әзірленген «Шетелдерден Қазақстанның тарихына қатысты ұлт мұрасын жинау» халықаралық жоба жалғасатын болады. Жоба аясында 2023 жыл жақсы нәтиже берді. Санкт-Петербург қаласындағы Б.Ельцин атындағы Президент кітапханасынан құжаттардың 270 е-көшірмелері алынды. Осы орайда, басшы Ғ.Нұрғалиева мен атаулы кітапхананың басшысы Н.Носов мырза арасында меморандумға қол қойылып, келісімшарт жасалды.

Бүгінде іздестіру нәтижесінде Ресей Мемлекеттік кітапханасынан (Мәскеу қ.) 110 құжаттың е-көшірмесі, А.Пушкин атындағы Омбы Мемлекеттік облыстық ғылыми кітапханасынан (РФ) 160 құжаттың е-көшірмесі, Татарстан Республикасының Ұлттық электронды кітапханасынан 140 құжаттардың е-көшірмесі, Түркия Республикасының Ұлттық кітапханасынан (Анкара қ.) 190 құжаттың е-көшірмесі, Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасынан 160 е-көшірме, Алықұл Осмонов атындағы Қырғызстан Республикасының Ұлттық кітапханасынан 65 құжат, Орынбор әмбебап ғылыми кітапханасынан 35 құжат, Түркіменстан Республикасының Ұлттық кітапханасынан 45 құжат табылып отыр. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы кітапханасынан, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан, Алматы қаласындағы «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік мекемесінен біраз электронды құжаттар алынды. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен және А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми зерттеу институтымен өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Сондай-ақ кітапхана директоры Ғ.Нұрғалиева TURKTAV халықаралық Түркі тарихы және мәдениеті қоры мен Түркітілдес мемлекеттердің Ақпараттық ресурстарының қор басшысы Омер Низаметин Айкурт мырзамен ынтымақтастық туралы меморандум жасады.Алдағы жоспар бойынша сирек кездесетін құжаттардың 5 000 бірліктен астам е-көшірмелерін жинау көзделуде. Меморандум жасасқан мекемелердің озық әлемдік тәжірибеге негізделген сан-салалы, қорларында сақтаулы ғылыми еңбектері, сирек кітаптары Ұлттық академиялық кітапханасының http://kazneb.kz/ порталына енетін болады.

Ақпан айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен ынтымақтастық туралы екі жақты меморандум жасап, олардан 800 баспа жаңа кітаптар мен құжаттардың е-көшірмелерін алу жоспарлануда.

Өткеннен сабақ алып, келешекке жоспар құру кітапхананың басты бағыты. Ел Президенті сұхбатында атап өткендей, әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығы басқа да тарихи кезеңдер мен тарихи тұлғалардың мерейтойларына орай кең көлемде кітап көрмесі жыл басында-ақ ел назарына ұсынылды. Атаулы даталар бойынша мәдени-танымдық шаралар жоспарға сай жүзеге асатын болады. Өткен жылда сәтті басталған маңызды жобалар жалғасын таппақ. Балалар арасында өткен жылы резонанс тудырған «Шәкәрім оқулары» биыл II республикалық байқауы аталып, старт алды. Кітапхананың жанданып, дамуына кепіл болатын жастардың кәсіби дамуына ұйытқы болатын «Жас кітапханашылар» республикалық форумын биылғы жылы да сәтті өткізуді жоспарлап отырмыз.

Ұлттық академиялық кітапхананың кітап оқуды дәріптейтін елімізге танымал «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы көп жылдар бойы оқырманына классик жазушылардың айтулы шығармаларын насихаттап келеді. Биылғы жылы ЮНЕСКО бойынша 100 жылдығы аталып өтетін классик жазушы, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын ел болып оқу комиссия мүшелері мен көпшілік кітапханалардың ұсынысымен қабылданды. Үлкенге де балаға да өлмес мұра жазып қалдырған жазушының өмірдің ақиқатын суреттеген шығармаларын қайта оқу, оқымағандар үшін көркем әдебиетпен табысу мүмкіндігінің тууы көңіл қуантады. Республика бойынша кітапханаларда Б.Соқпақбаевтың шығармаларынан көрмелер жасақтау, түрлі шараның барысы пысықталу жұмыстары басталып та кетті. Өз тарапынан Ұлттық академиялық кітапхана Алматы қаласындағы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі қарасты Алматы әкімдігімен бірлесе, оқушылар арасында Б.Соқпақбаев шығармаларынан республикалық байқау жариялауда. Жазушының шебер жазылған шынайы шығармаларынан бала өзін тауып жатса, бір сәт телефоннан ажыраса, бұдан кейін әдебиетке құнықса біздің де нәтижеге жеткеніміз.

Түйін сөзде Нил Гейманның: «Кітапхана – келешектің қақпасы. Кей жердің билігі кітапханаларды жауып, ақша үнемдеп қалудың оңай тәсілі деп қана қарастыратыны өкінішті. Ашық тұратын қақпаны жауып жатыр. Кітап – өлгендермен тілдесу тәсілі. Қасымызда жоқ адамдардан тәлім алу, үйрену амалы. Адамзат пайда болды, дамыды, түрлі білімді тудырды, оларды жетілдірді. Тек есте сақтап тұрудың шарт емесін көрсетті. Ел аузында кейбір елдің тарихынан да көне ертегілер бар. Олар көптеген мәдениет пен тосқауылдарды жеңіп, біздің заманға дейін жетіп отыр. Егер кітапхананы бағаламаса, онда адам ақпаратты да, мәдениетті де, даналықты да бағаламағаны» деген сөзін келтіре отырып, еліміздің көпшілік кітапханалары Қазақстанның келешегіне үлес қосатын ұрпақтың саналы да сапалы тәрбиеленуіне кепіл болатынына сенім білдіреміз.

Оңай МЫРЗАҒАЛИЕВА,
Ұлттық академиялық кітапхана қызметкері

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».
Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады,
шаққан жері жара болады».
Оспанхан әубәкіров

«Күле білу – өмір,
күлдіре білу – өнер,
күлкі болу – өлім».
Сейіт Кенжеахметұлы

ARA

№153

24.2.2024 ж.

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



БІЛІМ БӨЛІМДЕРІНЕ БЫҚПЫРТ ТИДІ

Жұрт жарқырап келген жаңа жылдан ақжарылқап жаңалық күтеді. «Биылғы жылымыз бұрынғыдан да жақсы болса екен» деп тілейді. Бірақ Түркістан облысындағы білім саласының тайлы-тұяғы әр жаңа жылды үреймен қарсы алатын бір кеселге килікті. Былтыр ғой, басқарманың сол кездегі басшысы Дінислам Болатханұлы мен оның орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасады деген күдікке ілінді. Күдікке ілінген соң үстерінен қылмыстық іс қозғалуы заңды енді. Бірақ сағызша созылған сот барысы сиырқұйымшақтанып барып, қысқартылып тынды. Мұндай жағдайда басқарма басшысы қызметінде қала алмайтыны белгілі. «Ешқандай күнәсі табылмағанымен», осының өзі абырой деген ардақты атты былғап кетері анық қой. Айтпақшы, арғы жылы да білім саласына бықпырт тиген. Сарыағаш, Сайрам аудандық білім бөлімінің басшылары сотталды. Былтыр ғой, олардың кебін Төлеби, Шардара аудандық білім бөлімінің басшылары киді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі былтыр Шардара және Сарыағаш аудандық білім бөлімдеріне сотқа дейінгі тергеу жүргізіп жатқанын мәлім еткен болатын. Тергеу қорытындысы қорқынышты. Күдіктілер 2020-2023 жылдар аралығында білім беру саласында мүлде жұмыс істеп көрмеген азаматтардың есепшоттарына теңге аударып отырыпты. Сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне жоғары жалақы есептеу арқылы шамамен 2,6 миллиард теңгені жымқырғаны анықталған. Осы қылмыс барысында 17 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, олардың төртеуі қамауға алынған. Бұдан бөлек, 44 автокөлік, зергерлік бұйымдар және қылмыстық істер бойынша айыпталушылардан ақшалай қаражаттары бұғатталғаны айтылады. Мына масқараны қараңыз. Тергеу барысында Сарыағашта тексеру комиссиясының бас инспекторы ұсталды. Бұл пақырыңыз мектептердің біріне аудиторлық тексерістің оң қорытындысы үшін бақандай 26 миллион теңге пара алды деген күдікке іліккен деседі.

Жуырда ғана Қаржылық мониторинг агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Келес аудандық білім бөлімінің бухгалтеріне қатысты қылмыстық істің қозғалғанын жария етті. Келестіктердің де кеселді қадамы көп. Олар соңғы үш жылдың бедерінде түрлі қитұрқылық жасап келіпті. Есепшілер өздеріне таныс адамдардың карт-шоттарына түрлі амалмен ақша аударып отырыпты. Осының есебінен қазынаның 400 миллион теңгеден астам қаржысы есепшілердің қалтасына түскен.

Осы елді дүрліктірген оқиғадан ес жиып үлгермей жатқанда облыстық прокуратура мен Қаржылық мониторинг агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Мақтаарал аудандық білім бөлімінің есепшілері 1,2 миллиард теңге көлемінде мемлекет қаржысын ұрлады деп хабарлады. Мұның артынша Бәйдібек аудандық білім бөлімінің есепшілері 600 миллион теңге шамасында мемлекет қаржысына қол сұққан деген хабар тарады. Қазір тиісті мекемелер сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Тексеруші орындар екі аудан бойынша мемлекетке келген шығын 1,8 миллиард теңгеден асады деп отыр. Екі білім бөлімінің есепшілері де соңғы үш жылдың көлемінде мұғалімдерге тиесілі қаражатты таныстарына аударып отырған. Ал су тегін қаражыны алып отырған жатпішер есепшілер таныстарына арам ақшадан ауызбастырық беріп тұрған.

– Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында айыпталушыларға қатысты тергеу әрекеттері мен тінту жұмыстары жүргізілді. Жауапкерлер бүгінге дейін 120 миллион теңге көлемінде келтірілген шығынды өз еркімен кері қайтарды, – дейді Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми өкілі Әлібек Әбділов.

Бір суыт хабар күздің суық желіндей үйме-үй аралап жүр. Тексеру барысында бір есепші өзіне-өзі қол жұмсаған көрінеді. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөз бар. Осыншама қаржыны мектеп есепшілері өздігінен қымқыра алады ма? Осы қылмыстар жасалып жатқанда білім бөлімі, мектеп директорлары қайда қараған? Әлде оларға майлы жіліктің бір ұшын жалатып отырған ба? Мұны енді тексеру қорытындыларына қарап айтайық. Естуімізше, құзырлы органдар тағы бір ауданның білім бөлімін індете тексеріп жатқанға ұқсайды. Бұл ауданнан да бір былық шықпасын дейік.

Ұлу жылын түркістандықтар осылай ұлардай шулаумен бастады. Бір айта кетерлігі, былтыр қазан айында облыстық білім басқармасына басшы болып тағайындалған Ғалымжан Жұмашевтің мамандығы заңгер деседі. Оның уақытысында Білім және ғылым министрлігінде, Президент Әкімшілігінде заң жөніндегі құрылымдарына жетекшілік еткені айтылады. Тәжірибелі заңгер ғой, былықтарға тосқауыл қояр деп үміттенеміз.

Қазір ғой, қазынаның қазынасына қол салғандардың және парақорлардың кері қайтарған қаражатынан мектептер салынып жатыр. Бір жағынан тиімді. Екінші жағынан қызық. Жемқорлардың жемсауынан жұлынып алынған қаражатқа салынған мектептерде оқыған оқушылар қандай азамат болып шығар екен? Өйткені біздің қазақ «сыныктан басқаның бәрі жұғады» деп текке айтпайды ғой...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ЖАҢЫЛТПАШТАР

Ақ көйлек,
Көк көйлек,
Қызыл көйлек,
Ұзын көйлек киіп,
Бойлары биік,
Қырық құбылып
Қыздар шықты.
Етек-жеңі мол екен,
«Бұл не?» десем, мода екен.

***

Қазір ғана
«Бажылдама!»
Деген едік.
Бажылдады.
Байбайлады.
Айғайлады.
Шатақ мінез шығарды
Қай-қайдағы.

***

Алақтап,
Далақтап жүрмегесін,
Киімінің бәрі әппақ.

***

«Атты кісі
Аттан түсіп,
Жаяу кісі
Жатып қарағандай
Сұлу!» дейді пкемді.
Міне, тағы
СМС- пен хат келді.

***

Тілазарды жұмсасаң,
Азар да безер.
Зығырыңды қайнатып,
Ығырыңды шығарар.

***

Ойынға
Мойын бұрып,
Аландады.
Даландады.
Сыныпты рең тәмамдады.

***

«Жақсы оқиды!» деп
Қызығасың.
Қызғанасың.
Іші күйгендер
Тұз жаласын.

***

Ұйқысының
Ұйқы-тұйқысы шығып,
Жанарына жас тығылыпты.
Жас тығылған себебі –
Жастықта жатып
Бастырылыпты.

***

Өзгені шағыстырып,
Өзі білінбеді.
Өсекшіге өкпелеп,
Көзім ілінбеді.

***

Албасты басқыр қасқыр
Қалың қойды ықтырды.
Ықтырғанын көріп,
Төбе шашым тік тұрды.

***

Күн батып,
Қас қарайды.
Қас қарая көрсетті
Аспан айды.

***

Мәдиге
Әли кеп,
Ойнағаны ғанибет.
Мәди мен
Әлиге
Ғани кеп,
Қосылса қалар зар илеп.

***

Сара апайдың
Сары шалы,
Самсаны
Шайнай алмай шаршады.

***

Әпер демей үш етік,
Бір етікті місе тұт.

***

Бір ағайды
Танығыңқырамадым.
Танығыңқырамағаныма
Жабырқағыңқырадым.

***

Сатыр-сұтыр,
Тақыр- тұқырға
Бір сәт
Таңырқап тұрсақ.
Бытырадай бықпырт қып,
Соққан екен бұршақ.

Бейқамға не айтам?
Не айтсам да бейқам.

***

Бір пәнді ғана
Жақсы оқитын Нұртанды,
Жұрт алды дей алмаймыз.

***

Дәу қарға
Тауларға қонбайды.
Тауларға қонбайтын
Дәу қарғаға дау бар ма?

***

«Өтпейтін неткен кетпен!»
Деп пе ең?
Қара жерді қақ айырар,
Қайрасаң еппен.

***

Балақайды байқайық.
Байқайық та
Қайқайып жүргенін
айтайық.

***

Зәрлі аязда бәрі аралас,
Жаңбыр жауса қар аралас,
Қарбалас боп,
Көктайғақта ақ тайлақ
Тайрандай алмайды.

***

Мылтықты көрді де,
Аңшы болам деп ынтықты.
Ынтықса да бұл тіпті
Оқтай алмас мылтықты.

***

Буылдырланып бүгін бір,
Бұлт басқан аспан бұлыңғыр.

***

Зәмзәм не?
Бальзам не?
Зәмзәм да – ем,
Бальзам да – ем.

ЧАТТАН шыққан шатақ

Тәпек бұрын бала шағасымен дастарқан басында рақаттанып отыратын. Үй-іші түгел басы қосылып бір-бірімен еменжарқын әңгімелесетін. Ауылда болып жатқан, болайын деп жатқан жаңалықтар тек осы дастарқанды бас қосылғанда айтылатын. Біріне қосылып, енді бірінің тіпті бұрмаланып жететін жаңалықтар тек осы дастарқан басы еді. Кімнің сиыры биыл көктемде бірінші бұзаулады. «Уыз ішіңдер» деп бұрынғыдай көрші-көлемді шақыра ма, жоқ шақырмай ма? Кімнің жем-шөбі биыл артық қалып тұр. Сұрап барса бере ме, бермей ме. Айтпақшы, заржақ Әбдірасылдың келіні босанып па?

Аяғы ауыр жүр еді. Сорлыы-ай бес қыз туып еді. Ендігісі кім болады екен? Жүргенбайдың байдан шыққан қызы Гүлсара Есенәлінің маскүнем баласына күйеуге шығады екен деген. Есенәлінің әйелі қу емес пе? Қыздан төрт-бес жас кіші бұрын үйленбеген ұлы Тұрсынға «Жүргенбайдың қызын ал» деп үгіттеп көндірді деген. Ондағысы бала басы байланып үйленсе, үйде жатып ішкенін қойып кетер деп үміт еткені. Сөйтіп, Есенәлі жақ кәдімгідей бес тоғызын алып құда түсті деген. Тойдан хабар жоқ. Жұрт неғып үнсіз қалды. Осы ауылға Жәрдем әкім болады деп еді. Сол үшін әке-шешесінің екі түйесін сатты деген. Бұрынғы әкім Бодық ауданға көтеріліп кетті дей ме? Бодық та ауданға көтерілу үшін үш бұзаулы сиырын сатып, беретін жерге беріпті ғой.

Осындай ауыл ішіндегі жаңалықтың бәрі дастарқан басында айтыла беруші еді. Жаңалықты Тәпектің кемпірі Сырғалы бастайтын да, шай құйып отырған келіні жалғастыратын. Ауылда жалғыз өзі шаштаразшы болып, алшығы оңынан түсіп тұрған қызы Әтіркүл шешесі мен жеңгесінің айтқандарын одан әрі жандандыратын. Қыста есік алдында ескі тракторының о жер, бұ жерін шұқылаумен, «керекті зәпшәсті жоқ, атаңа нәлет, осы тырқылдақ трактор мені өлтіретін болды деп» деп боқтап, қайта-қайта үйге кіріп шай ішумен жүретін Тәпектің ұлы Бораш та үндемей қалмайды. Кесесін келіншегіне лақтырып жіберіп, шайды сораптай отырып айтылған жаңалықтарға өзінше болжам жасап, көсемсіп қалатын. Тіпті, мектепке барып келген немерелері де апай-ағайларынан естіген сөздерін үлкендерден қалыспай ортаға салатын. Үй болған соң бүкіл отбасы болып дастарқан басында өстіп шүйіркелесу де бір бақыт екен ғой.

Ойбуй, соңғы жылдары мұның бәрі келмеске кетті. Үй-іші түгел мылқау. Өздерімен өздері. Өйткені бас-бастарында бір-бірден телефон. Сонымен сөйлеседі, сонымен шүйіркелеседі. Әке де сол, шеше де сол, тіпті туған бала мен қасындағы қатын да сол. Беттері сол телефонға жабысып қалған. Жарқ-жарқ еткен бір пәледе бәрі бар. Кейде жынды адамдай соған қарап қарқылдап күледі. Кейде қорсылдап жылайды. Бүкіл өмір сол жарқылдақ телефонның бетінде.

Өткен күзде Тәпектің әйелі қаладағы үлкен қызына барып, нілдей бұзылып келді.

– Тәпек, мен айтайын сағаң. Біз мүлде артта қалыппыз. Менің сыныптастарымды білесің ғой сен. Айтөре, Айтаңсық ше. Бәрі де жетпістің о жақ, бұ жағында. Қолдарында телефон. Сөйлесіп отыр. Сол телефонда уатсап деген бар екен. Соған чат дейді екен. Чат деген ше, жеке үйіңдей екен. Оның есігі басқаларға жабық. Мысалы бар ғой құдалармен бір чат, туыстарыммен бір чат, сыныптастарыммен бір чат ашады екенмін де, бәріміз бір үйде отырғандай сосын сөйлесе береді екенбіз. Менің сыныптастарым қайда, кетіпті анау жаққа (Сырғалым қолымен жоғарын көрсетті) мен қалыппын төменде. «Әлі күнге дейін соткаң жоқ па?» деп мазақ етті. Біз де бір-бір телефон алайықшы. Құрысын, қалған дүние. Балалар үйретеді ғой. Жұртта қалыппыз тіпті..

– Ей, сен Сырғалы, алсаң, өзің ала бер, менде жұмысың болмасын! – деген Тәпек. Сол жарқылдағыңмен әуестігім болмай-ақ қойсын.



Кемпірі қатты бекеніп келген екен, келесі күні телефон сатып алып, келін мен қызы оған үйретіп, бұрынғы сыныптастарымен байланысып, әлемдік өркениетке көтеріліп шыға келді. Енді қасындағы қосағы Тәпекке қарауға уақыт жоқ. Қолында жарқылдақ соған қарайтын болды.

Бір күні Тәпек те «телефон» ауруымен ауырды.

– Әй, – деді кемпіріне, – Осы ауылда телефоны жоқ мен ғана екенмін. Естідің бе, Есенәлінің баласы баяғыда үйленіпті. Жүргенбайдың байдан шыққан қызына. Бәрі барыпты. Біз ғана естімеппіз. Кімде телефон, кімде уатсап бар, соған хабарладық дейді. «Мен де сол телефон әлі жоқ» деп едім, бәрі маған жабайы адам көргендей бажырайды.

Құрысын бәрі! Мен де алайын телефон. Мен де жұрттан қалмай жүрейін. Заманға қарай шыққан нәрседен қалмайық. Алматыдағы құда баяғыдан ренжіп жүр. «Тәпеке-ау, бір телефон ұстамайсың ба?» деп.

– Ә, бәлем. Өзіңе де керек болды ма телефон. Мені тыңдамап едің, – деп кемпірі Сырғалы бір түйреп өтті.

Сонымен, Тәпектің отбасы түгел телефонмен қамтылды. Енді дастарқан басында бұрынғыдай ешкім бір-бірімен сөйлеспейді. Бәрі өзді-өзімен. Тәпектің кемпірі Сырғалы алғыр боп шықты. Лезде уатсап ты меңгеріп алды. Өйткені сыныптастары «чатқа қосыл» деп дамыл берер емес. Жазбайтынды жазады. Көрсетпейтінді көрсетеді. Оларға жауап беру керек қой. Сырғалы сол үшін де жанталасады. Білмей қалса, қызы қасында. «Мынаны бүйтіп жіберші, өйтіп жіберші» деп телефонның нүктесіне жұмсай қояды.

Жақында Сырғалы сыныптастар чатына мектепте түскен бір суретті өзі жібере алмай, қызын қасына шақырды. Осы қызы үнемі жаз болса санын жалтыратып қыпқысқа штан, шортик киіп жүреді. Сырғалы талай айтып қойдыра алмады. «Мама, қойшы, қыздардың бәрі қазір осылай киінеді. Көйлек киіп көлбеңдеп жүре алмаймын» деп бір-ақ айтты.

– Әтіркүл, сыныптастардың чатына мына суретті тездетіп сал! – деп тапсырма беріп, шығып кетті. Қызы телефоннан шешесінің чатын ашып отырып, сурет түсіретін камераның тетігін басып қалды ма, жарқыраған өз саны шешесінің чатына кетті де қалды. Чатқа кеткен суретті қайтарып ала алмаған қызы «Қойшы, кетсе кете берсін» деген-ді мән бермей. Енді Сырғалының сыныптастары чатпен келген жалаңаш тізеден жоғары санның суретін көріп жай отырсын ба. Әйда жарыса үн қатады уатсап та.

– Сырғалы, сәлемге саныңның суретін жіберген екенсің. Рахмет. Көңіліміз өсіп қалды.. деп жазыпты сыныптасы Тасбай шал сонау Атыраудан.

– Сырғаш, мынау сенің саның ба? Қандай әдемі. Қазіргісі мынадай, жас кезінде қандай болды екен? – деп жазады Тостақ қарт Түркістаннан.

– Сырғалы, аяғыңнан басынан саныңа дейін түп-түзі баяғыша. Жақсы сақталыпсың, – депті екінші сыныптасы Қожантай Алматыдан.

Алматыда Қожантайдың әйелі келіп қалып, күйеуінің жалаңаш санның суретіне мөлиіп қарап отырғанын көріп, айқайды бастамай ма?

–Мынау немене-ей? – деген. Қожантай сасып қалып:

– Сырғалының саны ғой, – деген.

– Әй, ұятсыз! Ата сақалың ауызыңа шықты. Үлкею деген болсайшы сенде? Үйбай-ай, үйбай-ай, есі дұрыс қатын ба, жоқ па ол Сырғалың? Әкелші бермен телефонды, – деп Қожантайды жұлқылайды. Қожантай бере ме, ол бермейді. Жарқылдаған сан, жарқылдақ телефонның ішінде, біресе олай, біресе бұлай жарқылдап, ақыры телефон дүңк етіп еденге түсіп сынады.

– Есің, дұрыс па ей? Мынау бір пенсияның ақшасына сатып алған телефонды сындырдың ғой! – деп Қожантай әйеліне айқайлайды. Оған басыла қалатын әйел ме?

– Сенің айтып отырған Сырғалың Тәпектің әйелі ме? Мен оның құдағайын білем осы Алматыдағы. Қазір құдағайынан телефонын сұрап аламын да Тәпегіңе айтам. Қартайғанда кемпірің сыныптас еркектерге санының суретін салыпты деп.

– Әй, қой..қой-ей, қатынеке, жынды болма, өй, қой-ей, – деген Қожантайдың сөзін әйелі тыңдай ма? Ақыры айтқанын жасады. Қолынан телефонын тастамай о жер, бұ жерін үйренемін деп шұқылап отырған Тәпектің уатсапына жарқырағаң бір сан түседі.

–Мына бір аяқтың басынан жоғары жалаңаш сан жарқылдақ телефон ішінде неғып жүр? – деп таңданып қарап отырса, астында хат азылыпты.

– Алтыннан ардақты, күмістен салмақты Тәпеке! Сіздің әйеліңіз Сырғалының сыныптастарына салып жіберген санымен танысыңыз..

Тәпек отырған орнынан жайбарақат қолындағы жарқылдаққа қарап.

– Әй, оңбаған! Мынауың не, а?! Айт деймін! Мынауың не? Сыныптастарыңа салыпсың ғой. Қай жерде жалаштанып жүрсің, бүйтіп қартайғанда, а?!

Ерлі-зайыпты екеуі қызыл кеңірдек болды. Қолдарында жарқылдаған телефон. Сөйтіп, кемпір мен шал жұлысып жатқанда кер маралдай керіле Тәпектің қызы Әтіркүл келеді.

– Мам.. пап.. ойбай, не болды сендерге..

– Не болды сендерге дейсің? Мына шешең қартайғанда бұзылып, сыныптастарына жібергенін қарашы, міне, көрдің бе, мына суретке қарашы, – дейді Тәпек күйініп. Қызы шатақты түсіне қояды.

– Пап, бұл менің саным ғой.. Өткенде мамам сыныптастарға бір сурет жібер дегенде менің отырған күйім байқамай кетіп қалған.

– Тфу! – дейді Тәпек жерге түкіріп. Жетіскен екенсіндер түге! Шешесі мен қызы...

Осылай мен білетін чаттан шыққан шатақтың бірі осы. Ал чаттың ішінде бұдан басқа шатақ көп екенін естідім де, көзім де көрді. Айтайын дегенім, телефонда чатқа тіркелген басқа қариялар тыныш па екен өзі?

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ

Әлемдік трендте кең танымалдыққа ие кавер нұсқада ән орындау – қазақ музыкасындағы жас жанр. Бұл – ескіден қалған есті әндерімізді қайтадан хитке айналдырады дегенімізбен, бір әншінің төлқұжатына айналған әннің түпнұсқасы ұмытылып кетпей ме деген екіұшты пікір туады. Әйткені қазір каверлерді тыңдаушылардың дені – жастар. Олар әннің негізгі орындаушысы деп кавер айтқан әншілерді санайды. Сондықтан еліміздегі қанат жайып келе жатқан кавердің бүгінгі жағдайы мен келешегі қандай болмақ деген сауалға өнертанушы Мерей Сембаймен әңгімелесіп, жауап алдық.

КАВЕР АЙТУДЫҢ ӨЗ МАҚСАТЫ бар

– Кавер-шоу... Қазіргі қазақ эстрадасындағы жаңа тренд осы боп тұр. Ескі әуенді жаңғыртып, жаңа «қалыпта» орындау сәнге айналды. Бұл тұрғыда сіздің ойыңыз қалай?

– Кавер орындаулар қазіргі таңда елімізде трендке айналып жатқаны рас, тек әлемде кавер деген тұрақталған жанр. Сондықтан бұл жақсы немесе жаман да емес, тек солай қалыптасқан тарих. Біз, өкінішке қарай, музыкалық индустрия тұрғысынан дамыған елдерден бір саты төмендеу келе жатқанымыздан ба, бізге бұл тренд енді ғана жетіп жатыр. Америкада әндерді қайта орындау XX ғасырдың 20-30-жылдары басталды, ал 40-жылдары ол бағыт кавер-нұсқа деген атауға ие болды. Интернеттің пайда болуымен бүкіл әлемде 2000 жылдары каверлерді орындау «мәйн стримге» айналды. Кезінде Фрэнк Синатра да каверлерді орындаған, оның әйгілі My Way, Strangers in the night әндерінің түпнұсқасы бар. The Rolling Stones, U2, Scorpions топтары шығармашылық жолын енді бастағанда кавер әндерді орындап, кішігірім концерттерге шығып жүрген. Уақыт өте келе бұл топтар өз хиттерін жазып танымал бола бастады. Яғни, кавер-орындаулар артистердің алғашқы даму жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды, каверлерді орындап жүріп олар өсті. Жас орындаушыларға арналған барлық халықаралық байқауларда да танымал әндер орындалады.

Айтпақшы, әндерді қайта орындау мен кавер орындаудың айырмашылықтары бар. Қайта орындау – әнді қайталап айту, ал кавер нұсқа – әнге жаңа леп беру, жаңа мәнеріңді, стиліңді, өзіңнің мінезіңді алып келу. Былайша айтқанда, әнді өз талантыңмен жаңғырту. Әнді қайталап айтқанның көркемдік құндылығы жоқ, ал кавердің құндылығы бар болуы мүмкін. Димаштың да шығармашылық жолын есімізге түсірсек, ол конкурстарға қатысып, каверлер айтып бастаған. Оның орындауындағы SOS әні Димашқа үлкен жетістік әкелді. Қазір Димаштың авторлық әндері бар, яғни өсу үшін тек каверлер айта беруге болмайтынын ол жақсы түсінеді.

– Кеше шыққан біреудің әнін бүгін басқа біреу орындай алады. Кейбірі түпнұсқадан асып түсіп жатыр, кейбірі кемшін түсуі мүмкін. Бірақ трендтің аты – тренд. Бұл тұрғыда, жаңашылдыққа ілескен дұрыс деп санайсыз ба?

– Кавер – ескі әндерді жаңғыртуға және талантыңызды көрсетуге мүмкіндік беретін музыкалық жанрдың қызықты бір түрі. Дегенмен репертуарыңыз тек кавер әндерден тұратын болса, бәрібір де артист үшін бұл – кемшілік, бір орында қалып қойып, сол кішігірім концерттерден, ресторандардан, тойлардан шыға алмау ықтималдығы бар. Тек қана кавер айтатын әншілер үлкен артист бола алмайды, үлкен артистің өз әндері болуы керек. Кавер айтудың өз мақсаттары бар: біріншіден, түпнұсқаға назар аударту, басқа орындаушының жанкүйерлері мен тыңдаушыларын сол әнді тыңдауға тарту және ескі хиттерді жаңартып, оларды жаңа буын тыңдаушыларға сәйкес етуге көмектесу. Сонымен қатар бүгінде «жұлдыздар» бір-бірінің әндерін айтып, өзара тыңдаушыларымен алмасады. Екіншіден, аты аңызға айналған әншілер мен композиторлардың әндерін еске алып, оларға тағзым мен құрмет көрсету. Үшіншіден, кавер нұсқалар арқылы әртүрлі стильдер мен жанрларды қолданып, түрлі тәжірибелер жасау, бұндай эксперименттер күтпеген қызықты нәтижелерге алып келуі мүмкін.

– Бір әнші жанына жақын бір әнді ұзақ жыл іздеп, әрең табады. Ол ән тіпті әншінің жұлдызын жағады. Оған «дайын асқа тік қасық» біреу табыла кетіп, «жұлдыз» атанып жатса, мұны да қалыпты құбылыс деп қабылдаймыз ба?

– Расында, әнді түпнұсқадан да жақсы орындаған каверлер болды, тіпті түпнұсқа ұмытылып, кавер нұсқаның танымалдығы артқан әндер де тарихта бар. Каверлер біреудің өнері арқылы танымалдығыңды арттырып, ақша табудың оңай жолы болып көрінгенімен, шын мәнінде олай емес. Каверді жаңа бояумен, жаңа көзқараспен орындау үшін де білім, музыкалық ойлау интеллектісі және талант қажет. Құлаққа үйреншікті болып қалған танымал хитті алу үшін екінші жағынан батылдық керек. Өйткені сол танымал әншінің орындауынан асып түспесең, кем айтылған болса сыншылар да, хэйтерлер де табылады. Әннің деңгейін түсіріп алу қаупі бар. Каверді орындау арқылы «жұлдыз» атанып жатса, қуанар едім. Бірақ бір кавермен артист алысқа бармайды. Оның үстіне, авторлық құқық бойынша әннің түпнұсқа иесінен рұқсатыңыз болу керек.

– Қазір экранда да кавер әндер мен біреудің репертуарындағы әндерді орындайтын бағдарламалар да көрсетіліп жатыр ғой. Демек, бізде де кавердің дамуына назар аударылып жатыр. Бір жағынан, көп әннің түпнұсқадан өзгеруіне де алып келеді. Бұл бұрынғы есті әндеріміздің авторларының, түпнұсқасының ұмытылып кетуіне әсер етпей ме?

– Этикалық тұрғыдан иә, бұл даулы мәселеге айналуы мүмкін. Кейде түпнұсқаның авторына кавернұсқа ұнамаған немесе әнді қатты бұрмалағанын автор құрметсіздік деп санаған жағдайлар болды. Мысалы, Боб Дилан оның әндерінің аранжировкасын және сөздерін өзгерткені үшін жас артистерге наразылығын білдірген. Дегенмен әннің негізгі авторлары кавер интерпретацияларға жағымды пікір айтқан мысалдар да өте көп. Қазір отандық телеарналарда кавер айтқызатын бірнеше музыкалық телешоу жүріп жатқаны өте маңызды. Бұндай шоулар – талантты орындаушыларға өз шеберліктерін шыңдап, түрлі эксперименттер жасауға, музыкалық мұраға назар аудартатын және жас әншілерге өз аудиториясын табуға мүмкіндік беретін алаң. Әншілер тыңдарманның көңілінен шыққысы келіп жаңа тәсілдермен айтуға тырысады, бір-бірінен үйренеді, идеялармен алмасады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Дубайда Шәмші әндері шырқалды

Біріккен Араб Әмірліктерінде Шәмші әндері шырқалды. Бұл – Kazakhs of the world аясында ұйымдастырылған төртінші жоба. Бағдарламаның мақсаты – біртуар қазақ таланттарын дүниежүзіне таныстыру. Бұған дейін Францияның Канн қаласы мен Дубайдағы Тода театрында «Сазген сазы» ансамблінің концерті ұйымдастырылып, әлемге танымал қазақ моделі Алла Елшін туралы танымдық кеш өткен.

Дубай қаласында өткен камералық концерт – шет мемлекетте өтіп жатқан Шәмші әлемімен таныстыратын алғашқы шығармашылық кеш.

Көрнекті композитор, ән жанрының майталманы Шәмші Қалдаяқовтың 300-ден астам шығармасы болса, оның елуге жуығы елге етене таныс. Біртуар тұлғаның ғажайып сазды, лирикалық назға толы туындыларын білмейтін қазақ кемде-кем.

Kazakhs of the world жобасы аясында Қазақстаннан келген әртістердің шетелдік концерттерін өткізу дәстүр бізде. Ол Францияда Каннан басталды. Біз сондай-ақ Швейцарияда және Женевада концерт өткіздік. Ал бүгін Дубайда Kazakhs of the world жобасы екінші рет өтіп отыр. Бүгін біз Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық кешін ұйымдастырдық», – деді жоба продюсері Даут Шайхисламов.

Камералық кеште композитордың ұлы Мұхтар Қалдаяқов әке шығармашылығындағы туындылардың шығу тарихын әңгімелеп, маэстро өнер көрсетті. Өзі ғана емес, ұлы Нұрсұлтан да әйгілі музыка жазушысының мұрасын скрипкамен орындады.

– Камералық концертте әкем жақсы көрген «Сағынышым менің» әні орындалды. Бұл әнді біз оркестрлік бағдарламаға жақында ғана қостық. Оны баритон әнші Расул Жармағамбетов орындап шықты. «Құшақ жайған қандай адам» әнінің сөзін де, әнін де әкем өзі жазған. Халық бұл әндерді тыңдағанда таң атыруға дайын», – деді сазгердің ұлы, дирижер Мұхтар Қалдаяқов.

Елден жырақта жүрген отандастарымыз үшін мұндай кешті тамашалау – жиі бола бермейтін мүмкіндік. Көрермен арасында Дубайда өткен концертті көруге өзге әмірліктерден арнайы келгендері де болыпты. Қазақ даласын тербеткен Шәмші әуендері әмірлік көрермендерін де тебірентіп жібергені рас.

С.БЕГІМБАЕВА

NUR MEDIA МЕДИАХОЛДИНГІ
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4409
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Айхан ШӘРІП, Нұрлан ҚОСАЙ